Әділет

# Радиоактивті материалдарды қауіпсіз тасымалдау Ережелерін бекіту туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Атом энергетикасы жөніндегі комитеті төрағасының 2002 жылғы 3 қыркүйектегі N 65 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 8 қазанда тіркелді. Тіркеу N 1996. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Атом энергетикасы комитеті төрағасының 2009 жылғы 9 шілдедегі N 36 бұйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Атом энергетикасы комитеті төрағасының 2009.07.09 N 36 бұйрығымен.

" Атом қуатын пайдалану туралы ", " Халықтың радиациялық қауіпсіздігі туралы " Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес, жоғарыда айтылған заңдармен атом қуатын пайдалану бойынша өкілетті мемлекеттік органдарға берілген құқықтардың және 2000 жылдың 23 қыркүйектің N 1442 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы энергетика және минералды ресурстар Министрлігінің атом энергетикасы жөніндегі Комитеті туралы Қағиданың негізінде радиоактивті материалдарды тасымалдауда радиациялық және ядролық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында, БҰЙЫРАМЫН:

1. Радиоактивті материалдарды қауіпсіз тасымалдау Ережелері, РМҚТЕ-99, бекітілсін және күшіне енсін.

2. 01.03.99 жылдан N 7 "Радиоактивті материалдарды қауіпсіз тасымалдау Ережелерін күшіне ендіру туралы" Қазақстан Республикасы ғылым Министрлігінің-ғылым Академиясының атом энергиясы жөніндегі Агенттігі Шешімінің күші жойылсын.

*Төраға*

Қазақстан Республикасы энергетика және минералды ресурстар министрлігінің атом энергетикасы жөніндегі Комитетінің 2002 жылғы 3 қыркүйектегі N 65 бұйрығымен Бекітілді

## Радиоактивті материалдарды қауіпсіз тасымалдау Ережелері, РМҚТЕ-99 1 Тарау. КІРІСПЕ &1. ЖАЛПЫ МАҒЛҰМАТТАР

1. Радиактивті материалдарды [1] қауіпсіз тасымалдау осы Ережелері (бұдан - әрі Ережелер) радиактивті материалдарды тасымалдау кезінде қызмет етушілерге , мүлікке және қоршаған ортаға радиациялық, сондай-ақ сындылықпен және жылу шығарумен байланысқан қауіптілікті бақылаудың қабылдауға лайық деңгейін қамтамасыз етуші қауіпсіздік нормаларын белгілейді. Ережелерде радиактивті материалдарды қауіпсіз тасымалдау мәселесіне тұрғылар қағидасы пайдаланады, бұлар қазіргі кезеңде Атом Энергиясы жөніндегі Халықаралық Агенттігімен (АЭХА), Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымымен (ДДСҰ), сонымен қатар Стандарттау жөніндегі Халықаралық Ұйыммен (СХҰ) және мүшесі Қазақстан Республикасы болып табылатын Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ ) жүйесіне кіретін басқа құзырлы халықаралық ұйымдарымен белгіленеді. ______

______________________________

(1) Ережелер мәтіні бойынша 2 Тарауда анықтамалары берілген барлық терминдер, оларды анықтамасы бойынша пайдаланған кезде, курсивпен белгіленген, бұл оларды тануды жеңілдетеді.

2. Ережелер Қазақстан Республикасының аумағында радиактивті материалдардың кезкелген түрлерін көліктің барлық түрлерімен (жердегі, су, әуе ) тасымалдау бойынша негізгі реттейтін құжат ретінде күшіне енеді. Қауіпсіздік бойынша Ережелерінің талаптары Қазақстанда радиактивті материалдарды тасу саласында қызметті іске асыратын барлық заңды тұлғалармен орындалу үшін міндетті болып табылады және осы салада қазіргі барлық нормалық құжаттарды қарастыру үшін негіз болады.

3. Ережелердің жеке тарауларында радиоактивті жүктерді тасымалдау қауіпсіздігін қамтамсыз ету бойынша нақтылы шараларды жүзеге асыру белгіленіп қойылады, алайда оларды жүзеге асыру жауапкершілігі қандай болса да белгілі бір заңды тұлғаға жүктелмейді. Мұндай жауапкершілікті үлестіруді Қазақстан Республикасы министрліктері мен ведомстволарының, сондай-ақ, олардың бақылауындағы тікелей радиоактивті материалдарды тасымалдаумен айналысатын ұйымдардың өріс әрекеттеріне байланысты өзгертуге болады.

## &2. МАҚСАТ

4. Осы Ережелердің мақсаты - радиактивті материалды тасымалдау кезінде адамдарды, мүлікті және қоршаған ортаны сәулелеу әсерінен қорғауды қамтамасыз ету. Бұл қорғанысқа мыналарды міндетті түрде қолданумен қол жетеді:

1) радиактивті ішіндегі нәрсе үшін қорғауыш қабықшаны;

2) сыртқы сәуле шығару деңгейлерін бақылауды;

3) сындылықты болдырмау үшін шараларды;

4) жылулық әсердің нәтижесінде бүлінулерді болдырмау үшін шараларды.

Бұл талаптардың орындалуы, біріншіден, қаптамалар ішіндегісі мен тасымал құралдарының шектеріне, сондай-ақ қаптамалар құралымының нормативтік сипаттамаларына бұлардың радиактивті ішіндегісінен келетін қауіпке байланысты сатылы амалды қолдану жолымен қамтамасыз етіледі. Екіншіден, бұған қаптамалардың құралымы мен іске қолданылуына қатысты талаптарды белгілеу, сондай-ақ қаптамалық жинақтарға, соның ішінде радиактивті ішіндегі нәрсенің сипатын ескере отырып, қызмет көрсету арқылы қол жетеді. Ақырында, талаптар, қажет болған уақытында құзыретті органдардың бекітуі рәсімін кіргізіп , әкімшілік бақылау шараларын міндетті түрде қолдану арқылы орындалады.

5. Радиактивті материалдарды тасымалдау кезінде, тұрғындар қатарындағы адамдар немесе кәсіпшіл қызметкерлер (персонал) болып табылатын, жеке тұлғалардың қауіпсіздігі осы Ережелерді сақтау арқылы қамтамасыз етіледі. Бұған қатысты сенімділікке сапаны қамтамасыз ету және Ережелерді сақтауды қамтамасыз ету бағдарламалары арқылы жетуге болады.

## &3. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

6. Жер үсті, су және әуе көлігінің барлық түрлерімен, радиактивті материалды пайдаланумен байланысқан тасымалды қоса, радиактивті материалды тасымалдауға осы Ережелер қолданылады. Тасымалдауға барлық операциялар мен шарттар кіреді, бұлар радиактивті материалдың орнын ауыстырумен байланысқан және осы процесті, жеке алғанда қаптамалық жинақты жобалауды, жасап шығаруды, қызмет көрсету мен жөндеуді, сондай-ақ дайындауды, тиеуді, жөнелтуді, тасымалдауды, транзиттік сақтауды қоса, радиактивті материалдар мен қаптамалар жүктерінің ақырғы келіп жеткен пунктінде түсіру мен қабылдауды құрайды. Қызмет етудің нормативтеріне осы Ережелерде сатылы амал қолданылады, оның үш жалпы деңгейін қиындығы жағынан келесі түрде сипаттауға болады:

1) тасымалдың әдеттегі жағдайлары (қандай болса да оқыс оқиғасыз);

2) тасымалдың қалыпты жағдайлары (азғантай оқиғалар);

3) тасымалдың апаттық жағдайлары.

7. Осы Ережелер мыналарға таралмайды:

1) көлік құралдарының ажыратылмайтын бөлігі болып табылушы радиактивті материалдар;

2) қандай да болса мекеменің шегінде орын ауыстыратын және орын ауыстыруға көпшілік пайдалануындағы автомобиль жолын не темір жолды пайдалану ұйғарылмаған уақытта, берілген мекемеде күші бар, сәйкесті қауіпсіздік ережелерінің ықпалына жататын радиактивті материалдар;

3) диагностика немесе емдеу мақсатымен адамның немесе жануардың организміне ауыстырып қондырылған не енгізілген радиактивті материалдар;

4) реттеуші орган пайдалануға рұқсат берген тұтыну тауарларында ақырғы пайдаланушыға сатылғаннан кейін болушы радиактивті материалдар;

5) табиғи радинуклидтер құрамына кіретін табиғи материалдар мен кендер, бұларды осы радинуклидтерді пайдалану мақсатымен, мұндай материалдардың меншікті активтігі 71-76 тармақтарда көрсетілген мәндерден 10 еседен аса артып кетпейтін жағдайда, қайта өңдеу ұйғарылмайды.

8. Осы Ережелер бақылаудың мынадай маршрут таңдап алу немесе физикалық қорғанысты қамтамасыз ету сияқты, радиациялық қауіпсіздікпен байланыспаған себептерге қарай белгілене алатын шараларын алдын ала қарамайды. Бақылаудың кезкелген осындай шаралары радиациялық және радиациялық емес қауіптілікті осы Ережелермен тағайындалған қауіпсіздік нормаларынан шегініс жасамай ескеруге тиісті.

9. Қосымша қауіптілікпен байланысқан радиактивті материалға қатысты, сондай-ақ радиактивті материалды басқа да қауіпті жүктермен бірге тасымалдауға қатысты, берілген материалдар аумағы арқылы немесе аумағына тасымалданатын елдердің әрқайсысында күші бар, қауіпті жүктерді тасымалдаудың сәйкесті ережелері осы Ережелерге қосымша ретінде қолданылуға тиіс.

## &4. ҚҰРЫЛЫМ

10. Ережелерде өз құрылымы шеңберінде 2 тарау кіреді, бұнда осы Ережелердің мақсаттары үшін қажет терминдердің анықтаулары берілген; 3 тарауда жалпы жайлар баяндалады; 4 тарауда осы Ережелерде пайдаланылатын активтік пен кедергі қою шектері материалдар үшін келтірілген; 5 тарауда тасымалдау үшін бақылаудың талаптары мен шаралары баяндалады; 6 тарауда радиактивті материалдарға, қаптамалық жинақтарға және қаптамаларға қойылатын талаптар баяндалған; 7 тарау, бұл сынақтарға қойылатын талаптарға арналған; 8 тарауда бекітуге және әкімшілік бақылауға қатысты әрекет етуші талаптар келтіріледі.

## 2 Тарау. АНЫҚТАУЛАР *

Осы Ережелер мақсаттары үшін келесі анықтаулар қолданылуға тиісті.

———————————————————————————

* Халықаралық қатынас қолайлығы үшін жақша ішінде терминдер анықтамасы ағылшын тілінде берілген.

11. $A_1$ мен $A_2$ активтіктері.

1) $A_1$ - ерекше түрдегі радиактивті материал активтігінің мәні, ол 1 кестеде көрсетілген немесе 4 тарау қағидаларына сәйкес анықталады және осы Ережелер талаптары үшін активтік шектерін анықтағанда пайдаланылады.

2) $A_2$ - ерекше түрдегі радиактивті материалдан өзге радиактивті материал активтігінің мәні, ол 1 кестеде көрсетілген немесе 4 тарау ережелеріне сәйкес анықталады және осы Ережелер талаптары үшін активтік шектерін анықтағанда пайдаланылады.

12. Уыттылығы төмен альфа - шығарғыштар (Low toxicity alpha emitters) - табиғи уран; азайтылған уран; табиғи торий; уран - 235 немесе уран - 238; торий - 232; кендер құрамына кіретін немесе физикалық және химиялық концентраттар қалпындағы торий - 228 бен торий - 230; немесе жартылай ыдырау периоды 10 тәуліктен кемірек альфа - бөлшек шығарғыштар.

13. Жүк (Consignment) - кезкелген қаптама не кезкелген қаптамалар немесе жүк жөнелтуші тасымалға әкеліп тапсырған радиактивті материалдың кезкелген тобы.

14. Жүк таситын әуе кемесі (Cargo aircraft) - жолаушы таситын әуе кемесінен басқа, жүк немесе мүлік тасымалдаушы кезкелген әуе кемесі.

15. Жүк контейнері (Freight container) - көліктің бір не бірнеше түрімен онда орналасқан жүктерді аралық аударып тиеусіз, қаптамалы немесе қапталмаған жүктер тасымалын жеңілдету үшін құрастырылған көлік жабдығы. Ол өздігінен ашылмауға тиісті, қайталап пайдалану үшін жеткілікті қатқыл және берік болуға тиісті және онымен жұмысты, әсіресе бір тасымал құралынан екіншіге немесе көліктің бір түрінен екінші түріне аударып тиеу кезінде, жеңілдетуші құрылғылармен жабдықталуға тиісті. Кіші жүк контейнері - бұл оның сыртқы габаритінің кезкелгені 1,5 м аспайтын немесе оның ішкі көлемі 3 м3 артық емес контейнер. Кезкелген басқа жүк контейнері үлкен жүк контейнері деп саналады.

16. Жүк жөнелтуші (Consignor) - кезкелген тұлға, кезкелген ұйым немесе үкімет, ол тасымалдауға жүк дайындайды және көлік құжаттарында жүк жөнелтуші деп аталады.

17. Жүк алушы (Consignee) - жүк алатын кезкелген тұлға, кезкелген ұйым немесе кезкелген үкімет.

18. Бөлінуші материал (Fissile material) - уран - 233, плутоний - 239, плутоний - 241 немесе осы радинуклидтердің кезкелген құрамасы. Бұл анықтауға мыналар жатпайды:

1) сәулеленбеген табиғи уран немесе азайтылған уран;

2) тек жылулық нейтронды реакторларда ғана сәулеленген табиғи уран немесе азайтылған уран.

19. Сындылық бойынша қауіпсіздік индексі (СҚИ) (Criticality safety index, CSI) - бөлінуші материалдан тұратын қаптама, көліктік пакет немесе жүк контейнері үшін тағайындап алынған сан, ол бөлінуші материалдан тұратын қаптамалардың, көліктік пакеттердің немесе жүк контейнерлерінің жалпы санын тексеру үшін пайдаланылады.

20. Ерекше пайдалану (Exclusive use) - тасымал құралын немесе үлкен жүк контейнерін тек бір жүк жөнелтушінің пайдалануы, бұлар жайында барлық бастапқы, аралық және соңғы тиеу мен түсіру операциялары жүк жөнелтушінің не жүк алушының нұсқауларына сәйкес жүзеге асырылады.

21. Құзыретті орган (Competent authority) - осы Ережелерге байланысты кезкелген мақсатқа қарай өкілеттік берілген немесе осындай ретінде өзгеше түрде танылған кезкелген ұлттық не халықаралық реттеуші орган немесе ұйым.

22. Құралым (Design) - ерекше түрдегі радиактивті материалдың, шашырауға қабілеттілігі төмен радиактивті материалдың, қаптаманың немесе қаптамалық жинақтың сипаттамасы, бұл оларды толық сәйкестендіруге мүмкіндік береді. Бұл сипаттамаға регламенттеуші талаптардың сақталғанын растаушы сипаттізімді, инженерлік-техникалық құжаттаманы (сызбаларды), берілген есептерді, сондай-ақ басқа да сәйкес құжаттаманы кіргізуге болады.

23. Жаппай жүктер үшін жүккөтергіштігі орташа контейнер (ЖЖЖОК) ( Intermediate bulk container) - орын ауыстыратын қаптамалық жинақ:

1) оның 3 м $^{3}$ артық емес көлемі бар;

2) оның жүктерді механикалық өңдеуді жүзеге асыруға мүмкіндік беруші құралымы бар;

3) ол пайдалану сынақтарына сәйкес жүктерді өңдеу және тасымалдау кезінде пайда болушы жүктемелерге орнықты;

4) ол жаппай жүктер үшін жүккөтергіштігі орташа контейнерлерге (ЖЖЖОК ) кепілдемеге арналған тарауда баяндалған нормаларға сәйкес құрастырылған, Қауіпті жүктерді тасымалдау жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының ұсынымдары.

24. Мейлінше көп қалыпты жұмыстық қысым (Maximum normal operating pressure) - теңіз деңгейінде атмосфералық қысымнан асып түсетін мейлінше көп қысым, ол қорғауыш қабықша жүйесінде желдету жүргізбей, немесе қосымша жүйенің көмегімен артық қысымды, сыртқы суытуды түсірмей, немесе тасымалдау кезінде бақылау шараларын пайдаланбай, қоршаған жағдайларға сәйкес келетін температуралық режим мен күн радиациясы жағдайында бір жыл ішінде пайда бола алады.

25. Төмен меншікті активтігі бар материал (ТМА) /Low specific activity material(LSA)/ - радиактивті материал, оның өз табиғаты бойынша шектелген

меншікті активтігі бар, немесе оған белгіленген орташа меншікті активтік шектері қолданылатын радиактивті материал. Белгіленген орташа меншікті активтікті анықтаған кезде ТМА материалды қоршаушы сыртқы қорғаныс материалдары есепке алынбауға тиісті.

ТМА материалдары үш топтың біреуіне кіреді:

1) ТМА-I (LSA-I):

1-1) уран мен торий кені және осындай кендердің концентраттары, сондай-ақ басқа кендер, бұлар табиғи текті радинуклидтерден тұрады және осы радинуклидтерді пайдалану мақсатында қайта өңдеуге арналады;

1-2) сәулеленбеген қатты табиғи уран не азайтылған уран не табиғи торий немесе олардың қатты не сұйық құрамдары немесе қоспалары;

1-3) 243 тармақ бойынша босатуға жатпайтын мөлшердегі бөлінуші материалдарды қоспағанда, олар үшін $A_2$ шамасына шек қойылмайтын радиактивті материалдар; немесе

1-4) басқа радиактивті материалдар, оларда активтік бүкіл көлеміне үлестірілген және белгіленген орташа меншікті активтік, 243 тармақ бойынша босатуға жатпайтын мөлшердегі бөлінуші материалдарды қоспағанда, 71-76 тармақтарда көрсетілген активтік шоғырлануының мәндерінен 30 еседен артық асып түспейді.

2) ТМА-II (LSA-II):

2-1) тритий шоғырлануы 0,8 ТБк/л дейінгі су; немесе

2-2) басқа материалдар, оларда активтік бүкіл көлеміне үлестірілген, ал белгіленген орташа меншікті активтік қатты және газ тәріздес заттар үшін $10^{-4} A_2$/г және сұйықтықтар үшін $10^{-5} A_2$/г аспайды.

3) ТМА-III (LSA-III):

ұнтақтардан басқа, қатты материалдар (мысалы, байланысқан тастандылар, активтендірілген заттектер), оларда:

3-1) радиактивті материал қатты материалдың не қатты нысаналар тобының бүкіл көлеміне үлестірілген немесе қатты біртұтас байланыстырушы материалда (мысалы: бетон, битум, қыш және басқалар) негізінен бірқалыпты үлестірілген;

3-2) радиактивті материал біршама ерімейтін болып табылады немесе біршама ерімейтін матрицаға құрылымды түрде кіреді, соған қарай тіпті қаптамалық жинақтың бүлінген кезінде де радиактивті материалдың ағып кетуі жеті тәулік бойы суда тұрғанда шаймалануы нәтижесінде қаптамаға есептегенде 0,1 $A_2$ -ден аспайтын болады; және

3-3) қатты материалдың белгіленген орташа меншікті активтігі кезкелген қорғауыш материалды есепке алмағанда, $2x10^{-3} A_2$/г аспайды.

26. Көпжақты бекіту (Multilateral approval) - құрылма немесе тасымал шығатын елдің және аумағы арқылы немесе аумағына жүк тасымалдануға тиісті әрбір елдің сәйкес құзыретті органының бекітуі. "Аумағы арқылы немесе аумағына" терминдеріне "аумағы үстімен" ұғымы әдейі енгізілмейді, яғни бекіту және хабарлама туралы талаптар, әуе кемесінің бортындағы радиактивті материал аумағы үстімен тасымалданатын елге таралмауға тиісті, егер бұл елге жоспарланған қону алдын ала қаралмаса.

27. Сәулелендірілмеген торий (Unirradiation thorium) - торий 232-нің бір грамына алғанда $10^{-7}$ грамнан артық емес уран - 233-тен тұратын торий.

28. Сәулелендірілмеген уран (Unirradiation uranium) - уран 235-тің бір грамына алғанда $2x10^{3}$ Бк артық емес плутонийден, уран - 235-тің бір грамына алғанда $9x10^{6}$ Бк артық емес бөліну туындыларынан және уран - 235-тің бір грамына алғанда $5x10^{-3}$ грамнан артық емес уран - 236-дан тұратын уран.

29. Орнықпаған радиактивті ластану (Non-fixed contamination) - әдеттегі жағдайда тасымалдаған кезде беттен аластауға болатын радиактивті ластану.

30. Сапаны қамтамасыз ету (Quality assurance) - бақылау мен тексерудің жүйелі шаралар бағдарламасы, оны радиактивті материалды тасымалдауға қатысушы кезкелген ұйым не орган жүзеге асырады, және осы Ережелермен алдын ала белгіленген, қауіпсіздік нормалары сақталатынына жеткілікті сенушілікті қамтамасыз етуге бағытталған.

31. Ережелерді сақтауды қамтамасыз ету (Compliance assurance) - осы Ережелердің қағидаларын іс жүзінде орындауды қамтамасыз ету мақсатымен құзыретті орган жүзеге асыратын жүйелі шаралардың бағдарламасы.

32. Палубаның белгіленген бөлігі (Defined deck area) - кеменің жоғарғы палубасының немесе роллерлік кеменің не паромның көлік құралдарына арналған палубасының бөлігі; онда радиактивті материалдарды салуға орын бөліп қойылған.

33. Беттік радиактивті ластығы бар нысана (БРЛН) (Surface contaminated object) - қатты нысана, ол өзімен өзі радиактивті болмаса да, оның бетінде үлестірілген радиактивті материалдан тұрады. БРЛН екі топтың біреуіне жатады:

1) БРЛН - I: қатты нысана, онда:

1-1) 300 $см^{2}$ аудан бойынша (не бүкіл бет бойынша, егер оның ауданы 300 $см^{2}$ -ден кем болса) орташаланған, қолжететін беттегі орнықпаған радиактивті ластану бета - және гамма - шығарғыштар мен уыттылығы төмен альфа - шығарғыштар үшін 4 $Бк/см^{2}$ -ден немесе барлық басқа альфа - шығарғыштар

үшін 0,4 Бк/см $^{2}$ -ден аспайды; және

1-2) 300 см2 аудан бойынша (не бүкіл бет бойынша, егер оның ауданы 300 см2-ден кем болса) орташаланған, қолжететін беттегі орныққан радиактивті ластану бета - және гамма - шығарғыштар мен уыттылығы төмен альфа - шығарғыштар үшін 4x10 $^{4}$ Бк/см $^{2}$ -ден немесе барлық басқа альфа - шығарғыштар үшін 4x10 $^{3}$ Бк/см2-ден аспайды; және

1-3) 300 см2 аудан бойынша (не бүкіл бет бойынша, егер оның ауданы 300 см2-ден кем болса) орташаланған, қолжетпейтін беттегі орнықпаған радиактивті ластану плюс орныққан радиактивті ластану бета - және гамма - шығарғыштар мен уыттылығы төмен альфа - шығарғыштар үшін 4x10 $^{4}$ Бк/см $^{2}$ -ден немесе барлық басқа альфа - шығарғыштар үшін 4x10 $^{3}$ Бк/см $^{2}$ -ден аспайды.

2) БРЛН - II: қатты нысана, онда беттің орныққан не орнықпаған радиактивті ластануы БРЛН - I үшін жоғарыда "а" тармақшада көрсетілген сәйкес келуші шектерден асып түседі, және онда:

2-1) 300 см $^{2}$ аудан бойынша (не бүкіл бет бойынша, егер оның ауданы 300 см $^{2}$ -ден кем болса) орташаланған, қолжететін беттегі орнықпаған радиактивті ластану бета - және гамма - шығарғыштар мен уыттылығы төмен альфа - шығарғыштар үшін 400 Бк/см $^{2}$ -ден немесе барлық басқа альфа - шығарғыштар үшін 40 Бк/см $^{2}$ -ден аспайды; және

2-2) 300 см $^{2}$ аудан бойынша (не бүкіл бет бойынша, егер оның ауданы 300 см $^{2}$ -ден кем болса) орташаланған, қолжететін беттегі орныққан радиактивті ластану бета - және гамма - шығарғыштар мен уыттылығы төмен альфа - шығарғыштар үшін 8x10 $^{5}$ Бк/см $^{2}$ -ден немесе барлық басқа альфа - шығарғыштар үшін 8x10 $^{4}$ Бк/см $^{2}$ -ден аспайды; және

2-3) 300 см $^{2}$ аудан бойынша (не бүкіл бет бойынша, егер оның ауданы 300 см $^{2}$ -ден кем болса) орташаланған, қолжетпейтін беттегі орнықпаған радиактивті ластану плюс орныққан радиактивті ластану бета - және гамма - шығарғыштар мен уыттылығы төмен альфа - шығарғыштар үшін 8x10 $^{5}$ Бк/см $^{2}$ -ден немесе барлық басқа альфа - шығарғыштар үшін 8x10 $^{4}$ Бк/см $^{2}$ -ден аспайды.

34. Біржақты бекіту (Unilateral approval) - құрылманы бекіту, ол тек берілген құрылма шығатын елдің құзыретті органынан талап етіледі.

35. Жолаушы таситын әуе кемесі (Passenger aircraft) - экипаж мүшелерінен, тасымалдаушы қарауында жұмыс істейтін қызметкерлер мен қызмет міндеттерін атқарып жүргендерден, сәйкесті ұлттық органның уәкілетті өкілінен немесе жүкке ере жүретін тұлғадан басқа кезкелген тұлғаны тасымалдаушы әуе кемесі.

36. Тасымалдау (Shipment) - жүкті оның шығарылған жерінен тағайындалған жеріне арнайы жылжыту.

37. Тасымал құралы (Conveyance) мынаны білдіреді:

1) автомобиль жолымен немесе темір жол бойымен тасымалдау жағдайында - кез келген көлік құралы;

2) су жолдары бойымен тасымалдау жағдайында - кезкелген кеме не кезкелген трюм, бөлік немесе кеме палубасының белгіленген бөлімі;

3) әуе көлігімен тасымалдау жағдайында - кезкелген әуе кемесі.

38. Тасымалдаушы (Carrier) - көліктің кезкелген түрімен радиактивті материалды тасымал жасаушы кезкелген тұлға, кезкелген ұйым немесе кезкелген үкімет. Бұл термин жалдану бойынша немесе сыйақы үшін әрекет етуші тасымалдаушыларды (кейбір елдерде көпшілік пайдалануындағы компаниялар - тасымалдаушылар немесе келісім-шарт бойынша тасымалдаушылар ретінде белгілі) қалай болса, өз бетімен тасымалдаушыларды да (кейбір елдерде жеке тасымалдаушылар ретінде белгілі) солай қамтиды.

39. Радиациялық қорғау бағдарламасы (Radiation Protection Programme) - қажетті жоспарлау мен радиациялық қорғау шараларын есепке алуды қамтамасыз ету мақсаты болып табылатын жүйелі іс-шаралар.

40. Радиактивті ластану (Contamination) - бетте радиактивтіктің бета - мен гамма-шығарғыштар үшін және уыттылығы төмен альфа - шығарғыштар үшін 0,4 Бк/см2-ден асатын мөлшерде немесе барлық басқа альфа - шығарғыштар үшін 0,04 Бк/см2 мөлшерде болуы.

41. Радиактивті ішіндегі нәрсе (Radioactive contents) - қаптамалық жинақтың ішінде болушы, кезкелген радиактивті ластанған не активтендірілген қатты заттармен, сұйықтықтармен және газдармен бірге алған радиактивті материал.

42. Радиактивті материал (Radioactive material) - радинуклидтерден тұратын кезкелген материал, онда активтік концентрациясы, сондай-ақ жүктің толық активтігі 71-76 тармақтарда көрсетілген мәндерден асып түседі.

43. Ерекше түрдегі радиактивті материал (Special form radioactive material) - шашырамаушы қатты радиактивті материал, немесе радиактивті материалдан тұратын жабық капсула.

44. Шашырауға қабілеттілігі төмен радиактивті материал (Low dispersible radioactive material) - қатты радиактивті материал немесе шашырауға шектелген қабілеттілікте болушы және ұнтақ тәріздес нысанда болмаушы бітеу капсуладағы қатты радиактивті материал.

45. Резервуар (Tank) - бак түріндегі контейнер, тасымал бак, автошанаш, темір жол цистернасы немесе толтыру кезінде газтәрізді не сұйық түрде болатын және ақырында қатаятын сұйықтық, ұнтақтар, түйіршіктер, қоспалар не қатты заттар үшін сыйымдылығы 450 литрден кем емес және газдар үшін 1000 литрден

кем емес қабылдағыш сыйымсауыт. Контейнер - бак құрлық және су жолдарымен тасымалдауға, толтыруға және оның құрылмалық жабдығын алып тастамай босатуға жарамды болуға тиіс, тұрақтандырушы элементтерді және сыртқы бекітпе құрал-жабдықтарды иеленуге тиіс және толтырылған күйінде көтеруге жарамды болуға тиіс.

46. Қорғауыш қабықша (Герметикалау) жүйесі (Containment system) - тасымалдау кезінде радиактивті материалды ұстап тұруға арналған жүйе ретінде жобалаушы анықтаған қаптамалық жинақтың элементтер жүйесі.

47. Оқшаулап шектеу жүйесі (Confinement system) - бөлінуші материалды және жобалаушымен анықталған және, сындылық бойынша қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған жүйе ретінде, құзыретті орган мақұлдаған қаптамалық жинақтың элементтерін орналастыру жүйесі.

48. Арнайы жағдайлар (Special arrangement) - осы Ережелердің барлық қолданылатын талаптарын қанағаттандырмайтын, жүктердің тасымалдануы мүмкін болатын, құзыретті орган бекіткен, шарттар.

49. Кеме (Vessel) - кезкелген теңіз кемесі немесе жүк тасымалдау үшін пайдаланылатын ішкі су жолдары бойымен жүзуге арналған құрал.

50. Көлік құралы (Vehicle) - автожолдық көлік құралы (құрама көлік құралын, яғни жартылай тіркемесі бар тартқышты қоса) немесе темір жол платформасы не темір жол вагоны. Әрбір тіркеме жеке көлік құралы ретінде қаралуға тиісті.

51. Көлік индексі (КИ) (Transport index) - қаптамаға, көліктік пакетке немесе жүк контейнеріне немесе қапталмаған ТМА - I не БРЛН - I-ге берілген сан, ол радиактивті сәулелендіруге бақылауды қамтамасыз ету үшін пайдаланылады.

52. Көліктік пакет (Overpack) - контейнер, мысалы жәшік, қорап немесе қап, оны бір жүк жөнелтуші жүкті өңдеу, орналастыру және тасымалдау ыңғайлылығы мақсатында бір не бірнеше қаптаманы бір өңделетін жүк бірлігіне біріктіру үшін қолданады.

53. Радинуклидтің меншікті активтігі (Specific activity) - берілген нуклидтің масса бірлігіне келетін активтік. Материалдың меншікті активтігі - радинуклидтер негізінен ішінде біркелкі үлестірілген, материалдың масса не көлем бірлігіне келетін активтік.

54. Қаптама (Package) - радиактивті ішіндегісімен бірге тасымалға тапсырылған түрдегі қаптамалық жинақ. Осы Ережелер қаптаманың келесі түрлеріне таралады, оларға 4 тарауда көрсетілген материалдарға қатысты активтік пен кедергілер шектері қолданылады және олар сәйкесті талаптарды қанағаттандырады:

1) босатылған қаптама;

2) 1 типті өнеркәсіптік қаптама (ӨҚ-1 тип);

3) 2 типті өнеркәсіптік қаптама (ӨҚ-2 тип);

4) 3 типті өнеркәсіптік қаптама (ӨҚ-3 тип);
5) А типті қаптама;
6) В(U) типті қаптама;
7) В(М) типті қаптама;
8) С типті қаптама.

Бөлінуші материалдар немесе уранның гексафториді құрамына кіретін қаптамаларға қосымша талаптар қолданылады.

55. Қаптамалық жинақ (Packaging) - радиактивті ішіндегісін толық орналастыру және ұстап тұру үшін қажет элементтердің жиынтығы. Жеке алғанда, оның ішіне бір не бірнеше қабылдау ыдысы, жұтушы материалдар, арақашықтықты ұстаушы құрылмалар, сәулелеуден қорғаныс құралдары және толтыру, босату, желдету мен қысымды түсіру үшін қызмет көрсететін жабдық; салқындатуға, механикалық соққыны бәсеңдетуге, жүк өңдеу және бекітуге, жылулық оқшаулауға арналған құрылғылар; сондай-ақ қаптамамен біртұтастық құрайтын қызмет көрсету құрылғылары кіре алады. Қаптамалық жинақ жәшік, қорап, күбі немесе ұқсас қабылдау ыдысы түрінде бола алады, бірақ жүк контейнері де, резервуар не жаппай жүктер үшін жүккөтергіштігі орташа контейнер де болып санала алады.

56. Табиғи уран (Uranium - natural) - уран изотоптарының (шамамен уран - 238 99,28% және уран - 235 0,72% масса бойынша) табиғи қоспасынан тұратын, химиялық бөліп шығарылған уран.

Азайтылған (depleted) уран - табиғи уранмен салыстырғанда масса бойынша уран - 235-тің пайызбен көрсетілген азырақ мөлшерінен тұратын уран.

Байытылған (enriched) уран - масса бойынша уран - 235-тің пайызбен көрсетілген 0,72%-дан артық мөлшерінен тұратын уран. Барлық жағдайларға да масса бойынша уран - 234-тің пайызбен көрсетілген өте азғантай мөлшері қатысады.

57. Сәуле шығару деңгейі (Radiation level) - сағатына миллизивертпен көрсетілген сәйкес келуші доза қуаты.

58. Орныққан радиактивті ластану (Fixed contamination)- орнықпаған радиактивті ластану болып табылмайтын радиактивті ластану.

## 3 Тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР &1. РАДИАЦИЯЛЫҚ ҚОРҒАНЫС

59. Радиактивті материалдарды тасымалдау үшін радиациялық қорғаныс бағдарламасы әзірленуге тиісті.

Бағдарламада алдын ала қарастырылатын шаралар сипаты мен ауқымы сәулелендірудің шамасы мен ықтималдығына тәуелді болуға тиісті. Бағдарлама 60-61 және 63-67 тармақтарда баяндалған талаптарды ескеруі тиіс. Сәйкесті

құзыретті орган тексеріс жүргізуі үшін сұраным бойынша бағдарлама құжаттары әкеліп берілуге тиісті.

60. Тасымалды жүзеге асыру кезінде дербес дозалар мөлшері, сәулеленуге ұшырайтын адамдар саны, және сәулелену ықтималдығы, экономикалық пен әлеуметтік факторларды ескере отырып, ақылмен қол жеткізерлік төмен деңгейде тұратындай етіп, ал дербес сәулелену дозалары сәйкесті дозалар шегінен аспайтындай етіп қорғаныс пен қауіпсіздік оңтайлануға тиісті. Құрылымдық пен жүйелі көзқарас қолданылуы керек, онда іс-қызметтің басқа түрлерімен тасымалдың өзара байланысы ескеріледі.

61. Кәсіби қызметкерлердің (персоналдың) орындайтын жұмысымен байланысқан радиациялық қауіптілікті болдырмау жөнінде, және сақталуы қажет сақтық шаралары бойынша, олардың ұшырайтын сәулеленуін және олардың әрекеттері нәтижесінде зардап шегуі мүмкін басқа адамдардың сәулеленуін төмендетуді қамтамасыз ету мақсатында, сәйкес келетін дайындығы болуға тиіс.

62. Сәйкесті құзыретті орган радиактивті материалдарды тасымалдауға байланысты алынған сәулелену дозаларына баға беруді, сондай-ақ қауіпсіздіктің негізгі нормаларына қорғаныс және қауіпсіздік жүйесінің сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатын көздей отырып, мерзіммен ұйымдастыруға тиіс.

63. Тасымалдаумен байланысқан жұмыстарды орындау нәтижесінде кәсіби сәулеленген жағдайда, бағалау бойынша, мына мөлшерде тиімді доза алу:

1) жылына 1 мЗв-тен жоғары тым күмәнді болып табылатын уақытта - жұмыстың ерекше кестелері, дозиметрлік толық жете бақылау, доза бағалау бағдарламалары немесе жеке есепке алып отыру талап етілмеуі тиіс;

2) жылына 1-6 мЗв әбден ықтимал болып табылатын уақытта - жұмыс орындарын дозиметрлік бақылау немесе дербес дозиметрлік бақылау арқылы доза бағалау бағдарламалары жүзеге асырылуға тиісті;

3) жылына 6 мЗв-тен жоғары әбден ықтимал болып табылатын уақытта - дербес дозиметрлік бақылау жүргізілуі тиіс.

Дербес дозиметрлік бақылау немесе жұмыс орындарын дозиметрлік бақылау сәйкесті түрде құжатпен ресімделуі тиіс.

64. Радиактивті материал қызметкерлерден (персоналдан) және халықтан шыққан адамдардан жеткілікті алыстатылып орналасуы тиіс. Алыстату қашықтығын немесе сәуле шығару деңгейлерін есептеу мақсаттары үшін дозаның келесі мәндері пайдаланылуы тиіс:

1) жұмыстық үнемі келіп-кету аймағындағы қызметкелер (персонал) үшін - жылына 5 мЗв;

2) жалпы еркін кіріп-шығу орындарында халықтан шыққан адамдардан тұратын халықтың сындық тобы үшін - жылына 1 мЗв.

65. Радиактивті материал айқындап шығарылмаған фототаспадан жеткілікті алыстатылып орналасуы тиіс. Бұл мақсат үшін, алыстату қашықтығы радиактивті материалды тасымалдауға байланысты, айқындап шығарылмаған фототаспаны радиактивті сәулелендіру осындай фототаспалар жүгінің тобына 0,1 мЗв деңгеймен шектелуге тиіс екендігіне сүйене отырып, анықталуы тиіс.

## &2. АПАТТЫҚ ІС-ШАРАЛАР

66. Радиактивті материалдарды тасымалдау уақытында апат не оқыс оқиғалар болған жағдайда адамдарды, мүлікті және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету мақсатымен сәйкесті ұлттық және/немесе халықаралық ұйымдардың апат жағдайларына белгілеген ережелері сақталуға тиісті. Жарияланымда осындай ережелер жайында тиісті нұсқаулар бар.

67. Апаттық рәсімдер апат болған жағдайда жүк ішіндегі нәрсенің қоршаған ортамен әрекеттесуі салдарынан басқа қауіпті заттардың пайда болу мүмкіндігін ескеруге тиісті.

## &3. САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

68. Құзыретті орган үшін жарамды, негізіне халықаралық, ұлттық және басқа нормалар алынған сапаны қамтамасыз ету бағдарламалары, барлық ерекше түрдегі радиактивті материалдарға, шашырауға төмен қабілеттілігі бар радиактивті материалдар мен қаптамаларға қатысты, сондай-ақ осы Ережелердің сәйкес келетін қағидаларын орындауды қамтамасыз ету мақсатында көлік операциялары мен транзиттік сақтауға қатысты, жобалауды, дайындап шығаруды , сынақтарды, құжаттама жасауды, пайдалануды, қызмет көрсетуді және тексеруді үйлестіре отырып әзірленуге және жүзеге асырылуға тиісті. Құралымдар үшін техникалық шарттарға толық сәйкестігі туралы құзыретті органның дәлелдеме алуға мүмкіндігі болуға тиіс. Дайындаушы, жүк жөнелтуші немесе пайдаланушы жасап шығару немесе пайдалану кезінде құзыретті органға тексеру мүмкіндігін беретін және кезкелген өкілетті құзыретті органға мынаны көрсетіп беретін халде болуға тиіс:

1) қолданылатын дайындау әдістері мен материалдар бекітілген құралым үшін техникалық шарттарға сәйкес келеді; және

2) барлық қаптамалық жинақтар мезгіл-мезгіл тексеріледі және қажет болғанда жөндеу жүргізіледі және барлық сәйкес келетін талаптар мен техникалық шарттарды, тіпті қайта-қайта пайдаланғаннан кейін де, қанағаттандыруды жалғастыра беру үшін тиісті тәртіпте ұсталады.

Құзыретті органның бекітуі талап етілген жағдай болғанда, бұндай бекіту сапаны қамтамасыз ету бағдарламасының бар болуын және оның барабарлығын ескеруі тиіс.

## &4. ЕРЕЖЕЛЕРДІҢ САҚТАЛУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

69. Құзыретті орган осы Ережелердің сақталуын қамтамасыз етуге жауапкершілік артады. Бұл жауапкершілікті іске асыру құралдары қаптамалық жинақтарды, ерекше түрдегі радиактивті материалдарды және шашырауға төмен қабілеттілігі бар материалдарды жобалауға, дайындап шығаруға, сынақ өткізуге, тексеру жүргізуге және қызмет көрсетуге, сондай-ақ осы Ережелердің қағидаларын орындауды іс-тәжірибеде көрсетіп беру мақсатымен жүк жөнелтушілер мен тасымалдаушылардың құжаттама даярлауға, жасауға, қаптамаларды өңдеуге және орналастыруға арналған бақылау бағдарламасын әзірлеу мен жүзеге асыруды қамтиды.

## &5. АРНАЙЫ ЖАҒДАЙЛАР

70. Жүктерге қатысты осы Ережелердің басқа баптарына сәйкестігі іс жүзінде орындалмайтын болып табылса, олар арнайы жағдайлардан басқаша тасымалданбауға тиісті. Егер құзыретті орган осы Ережелердің басқа баптарына сәйкестік іс жүзінде орындалмайды деп тапса және осы Ережелермен белгіленген қауіпсіздіктің міндетті нормалары осы Ережелердің басқа баптарына балама құралдарды қолдану есебінен сақталған деп тапса, онда құзыретті орган жалғыз-жарым топты немесе бірнеше жүктердің жоспарланған сериясын арнайы жағдайларда тасымалдау жөніндегі операцияны бекіте алады. Тасымал кезінде қауіпсіздің жалпы деңгейі ең кем дегенде барлық қолданылатын талаптарды орындаған кезде қамтамасыз етілмекші деңгейге баламалы болуға тиіс. Осындай типті халықаралық жүктер үшін көпжақты бекіту болуға тиіс.

## 4 Тарау. МАТЕРИАЛДАР ҮШІН АКТИВТІК ЖӘНЕ КЕДЕРГІ ҚОЮ ШЕКТЕРІ &1. РАДИНУКЛИДТЕР ҮШІН НЕГІЗГІ МӘНДЕР

71. 1 Кестеде (төменге қарау керек) жеке радинуклидтер үшін келесі негізгі мәндер келтірілген:

1) $A_1$ мен $A_2$, ТБк [Т-тера, туынды нормалық құқықтық актке (ТНКА) қосымшаға қарау керек, СИ тіреуіші];

2) алып тастау таралатын материалдар үшін активтік концентрациясы, Бк/г; ж ә н е

3) алып тастау таралатын жүктер үшін активтік шектері, Бк.

## &2. РАДИНУКЛИДТЕР ҮШІН НЕГІЗГІ МӘНДЕРДІ АНЫҚТАУ

72. 1 Кестеде саналмаған жеке радинуклидтерге қатысты, 71 тармақта айтылған негізгі мәндерді анықтау құзыретті органның бекітуін немесе, халықаралық тасымал жағдайында, көпжақты бекітуді талап етуге тиіс. Әрбір радинуклидтің химиялық пішіні белгілі болған уақытта Радиологиялық қорғау жөніндегі халықаралық комиссияның ұсыныстарына сәйкес, радинуклидтердің химиялық пішіні тасымалдың қалыпты да, апатты да жағдайларында назарға алынатын болса, оның ерігіштік тобына жататын $A_2$ мәнін пайдалануға рұқсат беріледі. Радинуклидтер үшін 2 кестеде келтірілген мәндерді нұсқа ретінде құзыретті орган бекітпесе де пайдалануға болады.

73. 1 Кестеде көрсетілмеген радинуклид үшін $A_1$ мен $A_2$ шаманы есептеген кезде радинуклидтер табиғи пропорцияда қатысатын және не 10 тәуліктен, не аналық нуклидтің жартылай ыдырау периодынан асып түсетін жартылай ыдырау периоды бар еншілес нуклид қатыспайтын радиактивті ыдыраудың бір тізбекшесі бір радинуклид ретінде қарастырылуы тиіс; активтікті назарға алғанда $A_1$ не $A_2$ -нің қолданылатын мәні берілген тізбекшенің аналық нуклидінің активтігі мен мәніне сәйкес келуге тиіс. Қандай болмасын еншілес нуклидтің 10 тәуліктен немесе аналық нуклидтің жартылай ыдырау периодынан асып түсетін жартылай ыдырау периоды бар болатын радиактивті ыдырау тізбекшелері жағдайында аналық нуклид пен осындай еншілес нуклидтер әртүрлі нуклидтердің қоспасы ретінде қарастырылуы тиіс.

## 1 КЕСТЕ. РАДИНУКЛИДТЕР ҮШІН НЕГІЗГІ МӘНДЕР

| Радинуклид (атомдық нөмір) | $A_1$ | $A_2$ | Алып тастау таралатын материал үшін активтік концентрациясы | Алып тастау таралатын жүк үшін активтік шегі |
|---|---|---|---|---|
| | (ТБк) | (ТБк) | (Бк/г) | (Бк) |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Актиний | (89) | | | |
| Ac-225 (a) | $8x10^{-1}$ | $6x10^{-3}$ | $1x10^{1}$ | $1x10^{4}$ |
| Ac-227 (a) | $9x10^{-1}$ | $9x10^{-5}$ | $1x10^{-1}$ | $1x10^{3}$ |
| Ac-228 | $6x10^{-1}$ | $5x10^{-1}$ | $1x10^{1}$ | $1x10^{6}$ |
| Күміс | (47) | | | |
| Ag-105 | $2x10^{0}$ | $2x10^{0}$ | $1x10^{2}$ | $1x10^{6}$ |
| Ag-108м (a) | $7x10^{-1}$ | $7x10^{-1}$ | $1x10^{1}$ (b) | $1x10^{6}$ (b) |
| Ag-110м (a) | $4x10^{-1}$ | $4x10^{-1}$ | $1x10^{1}$ | $1x10^{6}$ |
| Ag-111 | $2x10^{0}$ | $6x10^{-1}$ | $1x10^{3}$ | $1x10^{6}$ |
| Алюминий | | (13) | | |
| Al-26 | $1x10^{-1}$ | $1x10^{-1}$ | $1x10^{1}$ | $1x10^{5}$ |
| Америций | | (95) | | |
| Am-241 | $1x10^{1}$ | $1x10^{-3}$ | $1x10^{0}$ | $1x10^{4}$ |
| Am-242m (a) | $1x10^{1}$ | $1x10^{-3}$ | $1x10^{0}$ (b) | $1x10^{4}$ (b) |
| Am-243 (a) | $5x10^{0}$ | $1x10^{-3}$ | $1x10^{0}$ (b) | $1x10^{3}$ (b) |
| Аргон | | (18) | | |
| Ar-37 | $4x10^{1}$ | $4x10^{1}$ | $1x10^{6}$ | $1x10^{8}$ |
| Ar-39 | $4x10^{1}$ | $2x10^{1}$ | $1x10^{7}$ | $1x10^{4}$ |
| Ar-41 | $3x10^{-1}$ | $3x10^{-1}$ | $1x10^{2}$ | $1x10^{9}$ |
| Күшән | (33) | | | |
| As-72 | $3x10^{-1}$ | $3x10^{-1}$ | $1x10^{1}$ | $1x10^{5}$ |
| As-73 | $4x10^{1}$ | $4x10^{1}$ | $1x10^{3}$ | $1x10^{7}$ |
| | 0 | -1 | 1 | 6 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| As-74 | $1\times10$ | $9\times10$ | $1\times10$ | $1\times10$ |
| As-76 | $3\times10^{-1}$ | $3\times10^{-1}$ | $1\times10^{2}$ | $1\times10^{5}$ |
| As-77 | $2\times10^{1}$ | $7\times10^{-1}$ | $1\times10^{3}$ | $1\times10^{6}$ |
| Астатин (85) | | | | |
| At-211 (a) | $2\times10^{1}$ | $5\times10^{-1}$ | $1\times10^{3}$ | $1\times10^{7}$ |
| Алтын (79) | | | | |
| Au-193 | $7\times10^{0}$ | $2\times10^{0}$ | $1\times10^{2}$ | $1\times10^{7}$ |
| Au-194 | $1\times10^{0}$ | $1\times10^{0}$ | $1\times10^{1}$ | $1\times10^{6}$ |
| Au-195 | $1\times10^{1}$ | $6\times10^{0}$ | $1\times10^{2}$ | $1\times10^{7}$ |
| Au-198 | $1\times10^{0}$ | $6\times10^{-1}$ | $1\times10^{2}$ | $1\times10^{6}$ |
| Au-199 | $1\times10^{1}$ | $6\times10^{-1}$ | $1\times10^{2}$ | $1\times10^{6}$ |
| Барий (56) | | | | |
| Ba-131 (a) | $2\times10^{0}$ | $2\times10^{0}$ | $1\times10^{2}$ | $1\times10^{6}$ |
| Ba-133 | $3\times10^{0}$ | $3\times10^{0}$ | $1\times10^{2}$ | $1\times10^{6}$ |
| Ba-133 m | $2\times10^{1}$ | $6\times10^{-1}$ | $1\times10^{2}$ | $1\times10^{6}$ |
| Ba-140 (a) | $5\times10^{-1}$ | $3\times10^{-1}$ | $1\times10^{1}$ (b) | $1\times10^{5}$ (b) |
| Бериллий (4) | | | | |
| Be-7 | $2\times10^{1}$ | $2\times10^{1}$ | $1\times10^{3}$ | $1\times10^{7}$ |
| Be-10 | $4\times10^{1}$ | $6\times10^{-1}$ | $1\times10^{4}$ | $1\times10^{6}$ |
| Висмут (83) | | | | |
| Bi-205 | $7\times10^{-1}$ | $7\times10^{-1}$ | $1\times10^{1}$ | $1\times10^{6}$ |
| Bi-206 | $3\times10^{-1}$ | $3\times10^{-1}$ | $1\times10^{1}$ | $1\times10^{5}$ |

1 Кестеге ескертуге қараңыз

| | (ТБк) | (ТБк) | (Бк/г) | (Бк) |
|---|---|---|---|---|
| Bi-207 | $7\times10^{-1}$ | $7\times10^{-1}$ | $1\times10^{1}$ | $1\times10^{6}$ |
| Bi-210 | $1\times10^{0}$ | $6\times10^{-1}$ | $1\times10^{3}$ | $1\times10^{6}$ |
| Bi-210 m (a) | $6\times10^{-1}$ | $2\times10^{-2}$ | $1\times10^{1}$ | $1\times10^{5}$ |
| Bi-212 (a) | $7\times10^{-1}$ | $6\times10^{-1}$ | $1\times10^{1}$ (b) | $1\times10^{5}$ (b) |
| Берклий (97) | | | | |
| Bk-247 | $8\times10^{0}$ | $8\times10^{-4}$ | $1\times10^{0}$ | $1\times10^{4}$ |
| Bk-249 (a) | $4\times10^{1}$ | $3\times10^{-1}$ | $1\times10^{3}$ | $1\times10^{6}$ |
| Бром (35) | | | | |
| Br-76 | $4\times10^{-1}$ | $4\times10^{-1}$ | $1\times10^{1}$ | $1\times10^{5}$ |
| Br-77 | $3\times10^{0}$ | $3\times10^{0}$ | $1\times10^{2}$ | $1\times10^{6}$ |
| Br-82 | $4\times10^{-1}$ | $4\times10^{-1}$ | $1\times10^{1}$ | $1\times10^{6}$ |
| Көміртегі (6) | | | | |
| C-11 | $1\times10^{0}$ | $6\times10^{-1}$ | $1\times10^{1}$ | $1\times10^{6}$ |
| C-14 | $4\times10^{1}$ | $3\times10^{0}$ | $1\times10^{4}$ | $1\times10^{7}$ |
| Кальций (20) | | | | |
| Ca-41 | Шектелмеген | Шектелмеген | $1\times10^{5}$ | $1\times10^{7}$ |
| Ca-45 | $4\times10^{1}$ | $1\times10^{0}$ | $1\times10^{4}$ | $1\times10^{7}$ |
| Ca-47 (a) | $3\times10^{0}$ | $3\times10^{-1}$ | $1\times10^{1}$ | $1\times10^{6}$ |
| Кадмий (48) | | | | |
| | 1 | 0 | 4 | 6 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Cd-109 | 3x10 | 2x10 | 1x10 | 1x10 |
| | 1 | - 1 | 3 | 6 |
| Cd-113м | 4x10 | 5x10 | 1x10 | 1x10 |
| | 0 | - 1 | 2 | 6 |
| Cd-115 (a) | 3x10 | 4x10 | 1x10 | 1x10 |
| | - 1 | - 1 | 3 | 6 |
| Cd-115m | 5x10 | 5x10 | 1x10 | 1x10 |
| Ц е р и й | ( 5 8 ) | | | |
| | 0 | 0 | 2 | 6 |
| Ce-139 | 7x10 | 2x10 | 1x10 | 1x10 |
| | 1 | - 1 | 2 | 7 |
| Ce-141 | 2x10 | 6x10 | 1x10 | 1x10 |
| | - 1 | - 1 | 2 | 6 |
| Ce-143 | 9x10 | 6x10 | 1x10 | 1x10 |
| | - 1 | - 1 | 2 | 5 |
| Ce-144 (a) | 2x10 | 2x10 | 1x10 (b) | 1x10 (b) |
| К а л и ф о р н и й | ( 9 8 ) | | | |
| | 1 | - 3 | 1 | 4 |
| Cf-248 | 4x10 | 6x10 | 1x10 | 1x10 |
| | 0 | - 4 | 0 | 3 |
| Cf-249 | 3x10 | 8x10 | 1x10 | 1x10 |
| | 1 | - 3 | 1 | 4 |
| Cf-250 | 2x10 | 2x10 | 1x10 | 1x10 |
| | 0 | - 4 | 0 | 3 |
| Cf-251 | 7x10 | 7x10 | 1x10 | 1x10 |
| | - 2 | - 3 | 1 | 4 |
| Cf-252 | 5x10 | 3x10 | 1x10 | 1x10 |
| | 1 | - 2 | 2 | 5 |
| Cf-253 (a) | 4x10 | 4x10 | 1x10 | 1x10 |
| | - 3 | - 3 | 0 | 3 |
| Cf-254 | 1x10 | 1x10 | 1x10 | 1x10 |
| Х л о р | ( 1 7 ) | | | |
| | 1 | - 1 | 4 | 6 |
| Cl-36 | 1x10 | 6x10 | 1x10 | 1x10 |
| | - 1 | - 1 | 1 | 5 |
| Cl-38 | 2x10 | 2x10 | 1x10 | 1x10 |
| К ю р и й | | ( 9 6 ) | | |
| | 1 | - 2 | 2 | 5 |
| См-240 | 4x10 | 2x10 | 1x10 | 1x10 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| См-241 | $2\times10^{0}$ | $1\times10^{0}$ | $1\times10^{2}$ | $1\times10^{6}$ |
| См-242 | $4\times10^{1}$ | $1\times10^{-2}$ | $1\times10^{2}$ | $1\times10^{5}$ |
| См-243 | $9\times10^{0}$ | $1\times10^{-3}$ | $1\times10^{0}$ | $1\times10^{4}$ |
| См-244 | $2\times10^{1}$ | $2\times10^{-3}$ | $1\times10^{1}$ | $1\times10^{4}$ |
| См-245 | $9\times10^{0}$ | $9\times10^{-4}$ | $1\times10^{0}$ | $1\times10^{3}$ |
| См-246 | $9\times10^{0}$ | $9\times10^{-4}$ | $1\times10^{0}$ | $1\times10^{3}$ |
| См-247 (а) | $3\times10^{0}$ | $1\times10^{-3}$ | $1\times10^{0}$ | $1\times10^{4}$ |
| См-248 | $2\times10^{-2}$ | $3\times10^{-4}$ | $1\times10^{0}$ | $1\times10^{3}$ |
| Кобальт | | (27) | | |
| Co-55 | $5\times10^{-1}$ | $5\times10^{-1}$ | $1\times10^{1}$ | $1\times10^{6}$ |
| Co-56 | $3\times10^{-1}$ | $3\times10^{-1}$ | $1\times10^{1}$ | $1\times10^{5}$ |
| Co-57 | $1\times10^{1}$ | $1\times10^{1}$ | $1\times10^{2}$ | $1\times10^{6}$ |
| Co-58 | $1\times10^{0}$ | $1\times10^{0}$ | $1\times10^{1}$ | $1\times10^{6}$ |
| Co-58м | $4\times10^{1}$ | $4\times10^{1}$ | $1\times10^{4}$ | $1\times10^{7}$ |
| Co-60 | $4\times10^{-1}$ | $4\times10^{-1}$ | $1\times10^{1}$ | $1\times10^{5}$ |
| Хром | | (24) | | |
| Cr-51 | $3\times10^{1}$ | $3\times10^{1}$ | $1\times10^{3}$ | $1\times10^{7}$ |
| Цезий | | (55) | | |
| Cs-129 | $4\times10^{0}$ | $4\times10^{0}$ | $1\times10^{2}$ | $1\times10^{5}$ |
| Cs-131 | $3\times10^{1}$ | $3\times10^{1}$ | $1\times10^{3}$ | $1\times10^{6}$ |
| Cs-132 | $1\times10^{0}$ | $1\times10^{0}$ | $1\times10^{1}$ | $1\times10^{5}$ |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Cs-134 | $7\times10^{-1}$ | $7\times10^{-1}$ | $1\times10^{1}$ | $1\times10^{4}$ |
| Cs-134м | $4\times10^{1}$ | $6\times10^{-1}$ | $1\times10^{3}$ | $1\times10^{5}$ |
| Cs-135 | $4\times10^{1}$ | $1\times10^{0}$ | $1\times10^{4}$ | $1\times10^{7}$ |
| Cs-136 | $5\times10^{-1}$ | $5\times10^{-1}$ | $1\times10^{1}$ | $1\times10^{5}$ |
| Cs-137 (a) | $2\times10^{0}$ | $6\times10^{-1}$ | $1\times10^{1}$ (b) | $1\times10^{4}$ (b) |
| Мыс | (29) | | | |
| Cu-64 | $6\times10^{0}$ | $1\times10^{0}$ | $1\times10^{2}$ | $1\times10^{6}$ |
| Cu-67 | $1\times10^{1}$ | $7\times10^{-1}$ | $1\times10^{2}$ | $1\times10^{6}$ |
| Диспрозий | (66) | | | |
| Dy-159 | $2\times10^{1}$ | $2\times10^{1}$ | $1\times10^{3}$ | $1\times10^{7}$ |
| Dy-165 | $9\times10^{-1}$ | $6\times10^{-1}$ | $1\times10^{3}$ | $1\times10^{6}$ |
| Dy-166 (a) | $9\times10^{-1}$ | $3\times10^{-1}$ | $1\times10^{3}$ | $1\times10^{6}$ |
| Эрбий | (68) | | | |
| Er-169 | $4\times10^{1}$ | $1\times10^{0}$ | $1\times10^{4}$ | $1\times10^{7}$ |
| Er-171 | $8\times10^{-1}$ | $5\times10^{-1}$ | $1\times10^{2}$ | $1\times10^{6}$ |
| Еуропий | (63) | | | |
| Eu-147 | $2\times10^{0}$ | $2\times10^{0}$ | $1\times10^{2}$ | $1\times10^{6}$ |
| Eu-148 | $5\times10^{-1}$ | $5\times10^{-1}$ | $1\times10^{1}$ | $1\times10^{6}$ |
| Eu-149 | $2\times10^{1}$ | $2\times10^{1}$ | $1\times10^{2}$ | $1\times10^{7}$ |
| Eu-150 (қысқа өмір сүруші) | $2\times10^{0}$ | $7\times10^{-1}$ | $1\times10^{3}$ | $1\times10^{6}$ |
| Eu-150 (ұзақ өмір сүруші) | $7\times10^{-1}$ | $7\times10^{-1}$ | $1\times10^{1}$ | $1\times10^{6}$ |
| | 0 | 0 | 1 | 6 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Eu-152 | 1x10 | 1x10 | 1x10 | 1x10 |
| | - 1 | - 1 | 2 | 6 |
| Eu-152m | 8x10 | 8x10 | 1x10 | 1x10 |
| | - 1 | - 1 | 1 | 6 |
| Eu-154 | 9x10 | 6x10 | 1x10 | 1x10 |
| | 1 | 0 | 2 | 7 |
| Eu-155 | 2x10 | 3x10 | 1x10 | 1x10 |
| | - 1 | - 1 | 1 | 6 |
| Eu-156 | 7x10 | 7x10 | 1x10 | 1x10 |
| Фтор | | (9) | | |
| | 0 | - 1 | 1 | 6 |
| F-18 | 1x10 | 6x10 | 1x10 | 1x10 |
| Темір | | (26) | | |
| | - 1 | - 1 | 1 | 6 |
| Fe-52 (a) | 3x10 | 3x10 | 1x10 | 1x10 |
| | 1 | 1 | 4 | 6 |
| Fe-55 | 4x10 | 4x10 | 1x10 | 1x10 |
| | - 1 | - 1 | 1 | 6 |
| Fe-59 | 9x10 | 9x10 | 1x10 | 1x10 |
| | 1 | - 1 | 2 | 5 |
| Fe-60 (a) | 4x10 | 2x10 | 1x10 | 1x10 |
| Галлий | | (31) | | |
| | 0 | 0 | 2 | 6 |
| Ga-67 | 7x10 | 3x10 | 1x10 | 1x10 |
| | - 1 | - 1 | 1 | 5 |
| Ga-68 | 5x10 | 5x10 | 1x10 | 1x10 |
| | - 1 | - 1 | 1 | 5 |
| Ga-72 | 4x10 | 4x10 | 1x10 | 1x10 |
| Гадолиний | | (64) | | |
| | - 1 | - 1 | 1 | 6 |
| Gd-146 (a) | 5x10 | 5x10 | 1x10 | 1x10 |
| | 1 | - 3 | 1 | 4 |
| Gd-148 | 2x10 | 2x10 | 1x10 | 1x10 |
| | 1 | 0 | 2 | 7 |
| Gd-153 | 1x10 | 9x10 | 1x10 | 1x10 |
| | 0 | - 1 | 3 | 6 |
| Gd-159 | 3x10 | 6x10 | 1x10 | 1x10 |
| Германий | | (32) | | |
| | - 1 | - 1 | 1 | 5 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Ge-68 (a) | 5x10 | 5x10 | 1x10 | 1x10 |
| Ge-71 | $4 \times 10^{1}$ | $4 \times 10^{1}$ | $1 \times 10^{4}$ | $1 \times 10^{8}$ |
| Ge-77 | $3 \times 10^{-1}$ | $3 \times 10^{-1}$ | $1 \times 10^{1}$ | $1 \times 10^{5}$ |
| Гафний (72) | | | | |
| Hf-172 (a) | $6 \times 10^{-1}$ | $6 \times 10^{-1}$ | $1 \times 10^{1}$ | $1 \times 10^{6}$ |
| Hf-175 | $3 \times 10^{0}$ | $3 \times 10^{0}$ | $1 \times 10^{2}$ | $1 \times 10^{6}$ |
| Hf-181 | $2 \times 10^{0}$ | $5 \times 10^{-1}$ | $1 \times 10^{1}$ | $1 \times 10^{6}$ |
| Hf-182 | Шектелмеген | Шектелмеген | $1 \times 10^{2}$ | $1 \times 10^{6}$ |
| Сынап (80) | | | | |
| Hg-194 (a) | $1 \times 10^{0}$ | $1 \times 10^{0}$ | $1 \times 10^{1}$ | $1 \times 10^{6}$ |
| Hg-195m (a) | $3 \times 10^{0}$ | $7 \times 10^{-1}$ | $1 \times 10^{2}$ | $1 \times 10^{6}$ |
| Hg-197 | $2 \times 10^{1}$ | $1 \times 10^{1}$ | $3 \times 10^{2}$ | $1 \times 10^{7}$ |
| Hg-197m | $1 \times 10^{1}$ | $4 \times 10^{-1}$ | $1 \times 10^{2}$ | $1 \times 10^{6}$ |
| Hg-203 | $5 \times 10^{0}$ | $1 \times 10^{0}$ | $1 \times 10^{2}$ | $1 \times 10^{5}$ |
| Гольмий (67) | | | | |
| Ho-166 | $4 \times 10^{-1}$ | $4 \times 10^{-1}$ | $1 \times 10^{3}$ | $1 \times 10^{5}$ |
| Ho-166m | $6 \times 10^{-1}$ | $5 \times 10^{-1}$ | $1 \times 10^{1}$ | $1 \times 10^{6}$ |
| Йод (53) | | | | |
| I-123 | $6 \times 10^{0}$ | $3 \times 10^{0}$ | $1 \times 10^{2}$ | $1 \times 10^{7}$ |
| I-124 | $1 \times 10^{0}$ | $1 \times 10^{0}$ | $1 \times 10^{1}$ | $1 \times 10^{6}$ |
| I-125 | $2 \times 10^{1}$ | $3 \times 10^{0}$ | $1 \times 10^{3}$ | $1 \times 10^{6}$ |
| I-126 | $2 \times 10^{0}$ | $1 \times 10^{0}$ | $1 \times 10^{2}$ | $1 \times 10^{6}$ |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| I-129 | Шектелмеген | Шектелмеген | $1\times10^{2}$ | $1\times10^{5}$ |
| I-131 | $3\times10^{0}$ | $7\times10^{-1}$ | $1\times10^{2}$ | $1\times10^{6}$ |
| I-132 | $4\times10^{-1}$ | $4\times10^{-1}$ | $1\times10^{1}$ | $1\times10^{5}$ |
| I-133 | $7\times10^{-1}$ | $6\times10^{-1}$ | $1\times10^{1}$ | $1\times10^{6}$ |
| I-134 | $3\times10^{-1}$ | $3\times10^{-1}$ | $1\times10^{1}$ | $1\times10^{5}$ |
| I-135 (a) | $6\times10^{-1}$ | $6\times10^{-1}$ | $1\times10^{1}$ | $1\times10^{6}$ |
| Индий | | (49) | | |
| In-111 | $3\times10^{0}$ | $3\times10^{0}$ | $1\times10^{2}$ | $1\times10^{6}$ |
| In-113m | $4\times10^{0}$ | $2\times10^{0}$ | $1\times10^{2}$ | $1\times10^{6}$ |
| In-114m (a) | $1\times10^{1}$ | $5\times10^{-1}$ | $1\times10^{2}$ | $1\times10^{6}$ |
| In-115m | $7\times10^{0}$ | $1\times10^{0}$ | $1\times10^{2}$ | $1\times10^{6}$ |
| Иридий | | (77) | | |
| Ir-189 (a) | $1\times10^{1}$ | $1\times10^{1}$ | $1\times10^{2}$ | $1\times10^{7}$ |
121. Ерекше пайдалану жағдайларында қаптаманың сыртқы бетінің кезкелген нүктесінде мейлінше көп сәуле шығару деңгейі 10 мЗв/сағ.- тен аспауға тиіс.

## &11. САНАТТАР

122. 7 Кестеде көрсетілген шарттарға және келесі талаптарға сәйкес, қаптамалар және көліктік пакеттер келесі санаттардың біреуіне жатқызылуы тиіс : I-АҚ (I-WHITE), II-САРЫ (II-YELLOW) немесе III-САРЫ (III-YELLOW):

1) Қаптамаға немесе көліктік пакетке үйлестіріп сәйкес келуші санатты

анықтағанда көліктік индекс те, беттегі сәуле шығару деңгейі де назарға алынуға тиіс. Егер көліктік индекс санаттың біреуінің шартын қанағаттандырса, ал беттегі сәуле шығару деңгейі санаттың екіншісінің шартын қанағаттындырса, онда қаптама немесе көліктік пакет жоғарылау санатқа жатқызылуы тиіс. Осы мақсат үшін І-АҚ санат ең төмен санат ретінде қарастырылуы тиіс.

2) Көліктік индекс 115 және 116 тармақтарда көрсетілген рәсімдерге сәйкес анықталуға тиіс.

3) Егер беттегі сәуле шығару деңгейі 2 мЗв/сағ.-тен артып кететін болса, қаптама немесе көліктік пакет ерекше пайдалану жағдайларында және 161-1), 163 не 167 тармақтардың қағидаларын жағдайға байланысты сақтай отырып тасымалдануы тиіс.

4) Арнайы жағдайларда тасымалданатын қаптама ІІІ-САРЫ санатқа жатқызылуы тиіс.

5) Арнайы жағдайларда тасымалданатын қаптамаларды құрамына кіргізетін көліктік пакет ІІІ-САРЫ санатқа жатқызылуы тиіс.

## &12. ТАҢБАЛАУ, ЗАТТАҢБАЛАР МЕН БЕЛГІЛЕР &&1. Таңбалау

123. Әрбір қаптаманың қаптамалық жинақтың сыртқы бетінде не жүк жөнелтуші, не жүк алушы, не ол да, бұл да көрсетіліп анық және өшпейтін таңбасы болуы тиіс.

## 7 КЕСТЕ. ҚАПТАМАЛАР МЕН КӨЛІКТІК ПАКЕТТЕР САНАТЫ

| Шарттар | | |
|---|---|---|
| Көліктік индекс | Сыртқы беттің кезкелген нүктесіндегі мейлінше көп сәуле шығару деңгейі | Санат |
| О [1] | 0,005 мЗв/сағ. артық емес | І-АҚ |
| О-ден артық, бірақ 1-ден артық емес [1] | 0,005 мЗв/сағ. артық, бірақ 0,5 мЗв/сағ. артық емес | ІІ-САРЫ |
| 1-ден артық, бірақ 10-нан артық емес | 0,5 мЗв/сағ. артық, бірақ 2 мЗв/сағ. артық емес | ІІІ-САРЫ |
| 10-нан артық | 2 мЗв/сағ. артық, бірақ 10 мЗв/сағ. артық емес | ІІІ-САРЫ [2] |

( 1 )

Егер өлшенген КИ 0,05 аспайтын болса, онда келтірілген мән 115-3) тармақ бойынша нөлге тең бола алады.

( 2 )

Сондай-ақ ерекше пайдалану жағдайларында тасымалдануы тиіс.

124. Әрбір қаптамаға үйлестіріп, босатылған қаптамаларды қоспағанда, қаптамалық жинақтың сыртқы бетіне Біріккен Ұлттар Ұйымының нөмірі көрсетілген (8 кестені қараңыз) анық және өшпейтін таңба қойылуы тиіс, бұның алдында "БҰҰ" (UN) әріптері, сондай-ақ қажетті көліктің атауы болады. Босатылған қаптамалар бола қалса, халықаралық пошта арқылы жіберуге қабылданатынды қоспағанда, тек Біріккен Ұлттар Ұйымының нөмірі болуға тиіс, бұның алдында "БҰҰ" (UN) әріптері болады. Халықаралық пошта арқылы жіберуге қабылданатын қаптамаларға 169 тармақта баяндалған талаптар қолданылуы тиіс.

## 8 КЕСТЕ. ҚАЖЕТТІ КӨЛІК АТАУЛАРЫ МЕН ЖҮКТЕР СИПАТТАМАСЫ ЖӘНЕ ҚОСЫМША ҚАУІПТІЛІКТЕР МЕН ОЛАРДЫҢ ҰСЫНЫЛҒАН ТІЗБЕЛЕРМЕН БАЙЛАНЫСЫ КӨРСЕТІЛГЕН БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫ НӨМІРЛЕРІНІҢ ТІЗБЕСІНЕН ҮЗІНДІЛЕР

| Тізбе нөмірі | БҰҰ нөмірі | ҚАЖЕТТІ КӨЛІК АТАУЫ(1) және сипаттама | Қосымша қауіпті. ліктер |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | 2910 | РАДИАКТИВТІ МАТЕРИАЛ, БОСАҒАН ҚАПТАМА - МАТЕРИАЛДЫҢ ШЕКТЕЛГЕН МӨЛШЕРІ | |
| 2 | 2911 | РАДИАКТИВТІ МАТЕРИАЛ, БОСАҒАН ҚАПТАМА - АСПАПТАР НЕМЕСЕ БҰЙЫМДАР | |
| 3 | 2909 | РАДИАКТИВТІ МАТЕРИАЛ, БОСАҒАН ҚАПТАМАМА - ТАБИҒИ УРАННАН НЕМЕСЕ АЗАЙТЫЛҒАН УРАННАН НЕМЕСЕ ТАБИҒИ ТОРИЙДЕН ЖАСАЛҒАН БҰЙЫМДАР | |
| 4 | 2908 | РАДИАКТИВТІ МАТЕРИАЛ, БОСАҒАН ҚАПТАМА - БОС ҚАПТАМАЛЫҚ ЖИНАҚ | |

| | | |
|---|---|---|
| 5 | 2912 | РАДИАКТИВТІ МАТЕРИАЛ, ТӨМЕН МЕНШІКТІ АКТИВТІК (ТМА-I), бөлінбейтін немесе бөлінуші - босаған(2) |
| 6 | 3321 | РАДИАКТИВТІ МАТЕРИАЛ, ТӨМЕН МЕНШІКТІ АКТИВТІК (ТМА-II), бөлінбейтін немесе бөлінуші - босаған(2) |
| 7 | 3322 | РАДИАКТИВТІ МАТЕРИАЛ, ТӨМЕН МЕНШІКТІ АКТИВТІК (ТМА-III), бөлінбейтін немесе бөлінуші - босаған(2) |
| 8 | 2913 | РАДИАКТИВТІ МАТЕРИАЛ, БЕТТІК РАДИАКТИВТІ ЛАСТЫҒЫ БАР НЫСАНАЛАР (БРЛН-I немесе БРЛН-II), бөлінбейтін немесе бөлінуші - босаған(2) |
| 9 | 2915 | РАДИАКТИВТІ МАТЕРИАЛ, А ТИПТІ ҚАПТАМА, түрі ерекше емес, бөлінбейтін немесе бөлінуші - босаған(2) |
| 9 | 3332 | РАДИАКТИВТІ МАТЕРИАЛ, А ТИПТІ ҚАПТАМА, түрі ерекше, бөлінбейтін немесе бөлінуші - босаған(2) |
| 10 | 2916 | РАДИАКТИВТІ МАТЕРИАЛ, B(U) ТИПТІ ҚАПТАМА, бөлінбейтін немесе бөлінуші - босаған(2) |
| 11 | 2917 | РАДИАКТИВТІ МАТЕРИАЛ, B(M) ТИПТІ ҚАПТАМА, бөлінбейтін немесе бөлінуші - босаған(2) |
| 12 | 3323 | РАДИАКТИВТІ МАТЕРИАЛ, С ТИПТІ ҚАПТАМА, бөлінбейтін немесе бөлінуші - босаған(2) |
| 14 | 2919 | АРНАЙЫ ЖАҒДАЙЛАРДА ТАСЫМАЛДАНАТЫН РАДИАКТИВТІ МАТЕРИАЛ, бөлінбейтін немесе бөлінуші - босаған(2) |
| (3) | 2978 | РАДИАКТИВТІ МАТЕРИАЛ, УРАННЫҢ ГЕКСАФ. ТОРИДІ, жемірілу бөлінбейтін немесе бөлінуші - босаған(2) (8 класс БҰҰ) |
| 6+13 | 3324 | РАДИАКТИВТІ МАТЕРИАЛ, ТӨМЕН МЕНШІКТІ АКТИВТІК (ТМА-II), БӨЛІНУШІ |
| 7+13 | 3325 | РАДИАКТИВТІ МАТЕРИАЛ, ТӨМЕН МЕНШІКТІ АКТИВТІК (ТМА-III), БӨЛІНУШІ |
| 8+13 | 3326 | РАДИАКТИВТІ МАТЕРИАЛ, БЕТТІК РАДИАКТИВТІ ЛАСТЫҒЫ БАР НЫСАНАЛАР (БРЛН-I немесе БРЛН-II), БӨЛІНУШІ |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 9+13 | 3327 | РАДИАКТИВТИВТІ МАТЕРИАЛ, А ТИПТІ ҚАПТАМА, БӨЛІНУШІ, түрі ерекше емес | |
| 9+13 | 3333 | РАДИАКТИВТІ МАТЕРИАЛ, А ТИПТІ ҚАПТАМА, ТҮРІ ЕРЕКШЕ, БӨЛІНУШІ | |
| 10+13 | 3328 | РАДИАКТИВТІ МАТЕРИАЛ, B(U) ТИПТІ ҚАПТАМА, БӨЛІНУШІ | |
| 11+13 | 3329 | РАДИАКТИВТІ МАТЕРИАЛ, B(M) ТИПТІ ҚАПТАМА, БӨЛІНУШІ | |
| 12+13 | 3330 | РАДИАКТИВТІ МАТЕРИАЛ, С ТИПТІ ҚАПТАМА, БӨЛІНУШІ | |
| 14+13 | 3331 | АРНАЙЫ ЖАҒДАЙЛАРДА ТАСЫМАЛДАНАТЫН РАДИАКТИВТІ МАТЕРИАЛ, БӨЛІНУШІ | |
| (3) +13 | 2977 | РАДИАКТИВТІ МАТЕРИАЛ, УРАННЫҢ ГЕКСАФТОРИДІ, БӨЛІНУШІ | жемірілу (8 класс БҰҰ) |

---

(1) ҚАЖЕТТІ КӨЛІК АТАУЫ "ҚАЖЕТТІ КӨЛІК АТАУЫ және сипаттама" бағанының тек қана БАС ӘРІПТЕРМЕН терілген бөлігінде көрсетілген. N 2909 БҰҰ және N 2911 БҰҰ болғанда, бұларға қатысты "немесе" жалғаулығымен ажыраған балама ҚАЖЕТТІ КӨЛІК АТАУЫ көрсетілген, тек қабылдауға жарайтын ҚАЖЕТТІ КӨЛІК АТАУЫ пайдаланылады.

(2) "Бөлінуші-босаған" термині тек 243 тармақта баяндалған талаптарға сәйкес келуші қаптамаларға ғана қолданылады.

(3) N 2977 БҰҰ және N 2978 БҰҰ Тізбелермен қандай болса да бір мағыналы байланысы жоқ ерекше жағдайлар болып табылады.

125. Массасы брутто 50 кг артық әрбір қаптаманың қаптамалық жинақтың сыртқы бетінде оның рауалы массасы брутто көрсетіліп қойылған анық және жуылып кетпейтін таңбасы болуы тиіс.

126. Сәйкес келетін әрбір қаптама:

1) 1 типті өнеркәсіптік қаптаманың, 2 типті өнеркәсіптік қаптаманың немесе 3 типті өнеркәсіптік қаптаманың құралымына сәйкес келетін әрбір қаптаманың, қаптамалық жинақтың сыртқы жағында, "ӨҚ-1 ТИПІ" (TYPE IP-1), немесе "ӨҚ-2 ТИПІ" (TYPE IP-2), "ӨҚ-3 ТИПІ" (TYPE IP-3) деген, сәйкесті, анық және өшпейтін таңбасы болуға тиіс;

2) А типті қаптаманың құралымына сәйкес келетін әрбір қаптаманың, қаптамалық жинақтың сыртқы жағында, анық және өшпейтін "А ТИПІ" (TYPE A ) таңбасы болуға тиіс;

3) 2 типті өнеркәсіптік қаптаманың, 3 типті өнеркәсіптік қаптаманың немесе

А типті қаптаманың құралымына сәйкес келетін әрбір қаптаманың, қаптамалық жинақтың сыртқы жағында, құралымды әзірлеген елдің көлік құралының халықаралық тіркелу коды (код VRI), сондай-ақ дайындаушы-фирманың атауы немесе, құзыретті орган анықтаған, қаптамалық жинақтың басқа сәйкестендіруі көрсетілген, анық және өшпейтін таңбасы болуға тиіс.

127. 295-304 және 306-307 тармақтар бойынша бекітілген құралымға сәйкес келетін әрбір қаптамаға қаптамалық жинақтың сыртқы жағында анық және өшпейтін таңба салу мыналар түрінде болуға тиіс:

1) берілген құралым үшін құзыретті органмен белгіленген тану белгісі;

2) берілген құралымға сәйкес келуші қаптамалық жинақтың әрқайсысын дербес белгілеу үшін сериялық нөмір;

3) B(U) типті қаптаманың немесе B(M) типті қаптаманың құралымы үшін - "B (U) ТИПІ" (TYPE B(U)) немесе "B(M) ТИПІ)" (TYPE B(M)) жазба; және

4) С типті қаптаманың құралымы үшін - "С ТИПІ" (TYPE C) жазба.

128. B(U) типті, B(M) типті, немесе С типті қаптаманың құралымына сәйкес келетін әрбір қаптама от пен судың әсеріне төзімді ең сыртқы сыйымсауыттың тысқы бетінде шекіме, қалыптау әдісімен және от пен судың әсеріне төзімді басқа тәсілмен салынған, 1 суретте көрсетілген үш жапырақ түріндегі радиациялық қауіптілік белгісі бейнеленіп анық таңбалануға тиіс.

**1 сурет** *. Орталық шеңбердің айналасына Х радиусымен салынатын үш жапырақ түріндегі радиациялық қауіптіліктің негізгі белгісі. Мейлінше аз рауалы Х мөлшері 4 мм тең.

* Суретті қағаз мәтіннен қараңыз.

129. Егер ТМА немесе БРЛН материалдары ыдыстарға салынса немесе қаптамалық материалға кіргізілсе және 112 тармақтың қағидалары бойынша ерекше пайдалану жағдайында тасымалданатын болса, онда бұл ыдыстардың немесе қаптамалық материалдардың сыртқы бетіне, сәйкесті, "РАДИАКТИВТІ, ТМА-І" (RADIOACTIVE LSA-I) немесе "РАДИАКТИВТІ, БРЛН-І" ( RADIOACTIVE SCO-I) таңбаны қоюға болады.

## &&2. Заттаңбалар қою

130. Әрбір қаптаманың, әрбір көліктік пакеттің және әрбір жүк контейнерінің 2, 3 және 4-суретте көрсетілген үлгілері бойынша қажетті санатқа сәйкес заттаңбасы болуға тиіс, үлкен жүк контейнерлері мен резервуарларды қоспағанда , бұларға қатысты 135 тармақтың балама қағидаларында көрсетілген белгілерді пайдалануға рұқсат етіледі. Бұдан басқа, 243 тармақ бойынша босатуға жататын бөлінуші материал болып табылмайтын бөлінуші материалдан тұратын әрбір қаптаманың, әрбір көліктік пакеттің және әрбір жүк контейнерінің 5-суретте

келтірілген үлгі бойынша заттаңбасы болуға тиіс, ішіндегі нәрсемен байланысты емес кезкелген заттаңбалар кетіріп тасталады немесе жабылады. Қауіпті басқа қасиеттерге ие болушы радиактивті материалдар жайында 96 тармақты қараңыз.

**2 сурет** * . I-АҚ санатты заттаңба. Заттаңба аясының түсі-ақ, радиациялық қауіптіліктің негізгі белгісінің (үш жапырақтың) және жазбалардың түсі - қара, санатты белгілейтін жолақтың түсі - қызыл.

* Суретті қағаз мәтіннен қараңыз.

**3 сурет** * . II-САРЫ санатты заттаңба. Заттаңбаның жоғарғы жартысы аясының түсі - сары, төменгі жартысы - ақ, радиациялық қауіптіліктің негізгі белгісінің (үш жапырақтың) және жазбалардың түсі - қара, санатты белгілейтін жолақтардың түсі - қызыл.

* Суретті қағаз мәтіннен қараңыз.

**4 сурет** *. III-САРЫ заттаңба. Заттаңбаның жоғарғы жартысы аясының түсі - сары, төменгі жартысы - ақ, радиациялық қауіптіліктің негізгі белгісінің (үш жапырақтың) және жазбалардың түсі - қара, санатты белгілейтін жолақтардың түсі - қызыл.

* Суретті қағаз мәтіннен қараңыз.

**5 сурет** * . Сындылық бойынша қауіпсіздік индексінің заттаңбасы. Заттаңба аясының түсі - ақ, жазбалар түсі - қара.

* Суретті қағаз мәтіннен қараңыз .

131. 2, 3 және 4-суретте келтірілген үлгілерге сәйкес келетін заттаңбалар қаптаманың немесе көліктік пакеттің екі қарама-қарсы сыртқы бетіне немесе жүк контейнерінің болмаса резервуардың барлық төрт жағының сыртқы беттеріне бекітілуі тиіс. 5-суретте келтірілген үлгіге сәйкес келетін заттаңбалар қажетті жағдайларда 2, 3 және 4-суретте келтірілген үлгілерге сәйкес келуші заттаңбалармен қатар бекітілуі тиіс. Бұл заттаңбалар 123-128 тармақтарда көрсетілген таңбалауды тасаламауы тиіс.

## &&3. Заттаңбаларда радиактивті ішіндегі нәрсе туралы ақпаратты көрсету

132. 2, 3 және 4-суретте келтірілген үлгілерге сәйкес келуші заттаңбаның әрқайсысында келесі ақпарат көрсетілуі тиіс:

1) Ішіндегі нәрсе:

1-1) 1 Кестеден, сонда ұсынылған рәмізді пайдалана отырып, алынған, ТМА-I материалын қоспағанда, радинуклидтін(тердің) атауы(лары). Радинуклидтер қоспасы болғанда, бұларға қатысты ең көп шектеулер қойылған нуклидтер, жазба жолы өлшемінің мүмкіндік беруіне қарай, көрсетілуі тиіс. Радинуклид(тер) атау(лар)ынан кейін ТМА немесе БРЛН тобы көрсетілуі тиіс. Осы мақсатта "ТМА-II"

(LSA-II), "ТМА-III" (LSA-III), "БРЛН-I" (SCO-I) және "БРЛН-II" (SCO-II) терминдері пайдаланылуы тиіс.

1-2) ТМА-I материалдары үшін тек "ТМА-I" (LSO-I) термині жеткілікті, радинуклидтің атауы керек болмайды.

2) Активтік: Радиактивті ішіндегі нәрсенің тасымалдау кезіндегі мейлінше көп активтігі, сәйкесті СИ жалғауы бар беккерельмен (Бк) берілген (ТНДК-ға қосымшаны қара). Бөлінуші материал үшін активтіктің орнына бөлінуші материалдың массасын граммен (г) немесе оған еселі бірліктермен көрсетуге болады.

3) Көліктік пакеттер мен жүк контейнерлерін алғанда заттаңбада "ішіндегісі" (contents) және "активтік" (activity) бағандағы жазу, 132-1) мен 132-2) тармақшалардың, сәйкесті, қағидалары бойынша қажет болушы, және көліктік пакеттің немесе жүк контейнерінің барлық ішіндегісі бойынша жинақталған ақпаратты кіргізуі тиіс, дегенмен әртүрлі радинуклидтері бар қаптамалардың араласқан тиемесінен тұратын көліктік пакеттердің немесе жүк контейнерлерінің заттаңбасында "Көлік құжаттарын қара"(See Transport Documents) жазбасы тұра алады.

4) Көліктік индекс: 115 және 116 тармақтарды қараңыз. (I-АҚ санат үшін көліктік индексті жазу қажет болмайды).

## &&4. Заттаңбаларда сындылық бойынша қауіпсіздік туралы ақпаратты көрсету

133. 5-суретте келтірілген үлгіге сәйкес келетін әрбір заттаңбада, құзыретті орган беретін арнайы жағдайларды бекіту туралы сертификатта немесе қаптаманың берілген құралымын бекіту туралы сертификатта анықталған, сындылық бойынша қауіпсіздік индексі (СҚИ) көрсетілуге тиіс.

**6 сурет** * . Ескерту белгісі. 159 тармақта ескертілген жағдайларды қоспағанда, мейлінше аз өлшемдер суретте көрсетілген өлшемдерге сәйкес келуге тиіс: басқа өлшемдерді пайдаланғанда тиісті пропорция сақталуы керек. "7" цифрының биіктігі 25 мм кем емес болу керек. Белгінің жоғарғы жартысы аясының түсі - сары, төменгі жартысы - ақ, радиациялық қауіптіліктің негізгі белгісінің (үш жапырақтың) және жазбалардың түсі - қара. Төменгі бөлімде "РАДИАКТИВТІ" ( RADIOACTIVE) сөзін пайдалану міндетті емес, бұл жүкке арналған сәйкесті ООН нөмірін бейнелеу үшін осы белгіні нұсқа ретінде қолдануға мүмкіндік береді.

* Суретті қағаз мәтіннен қараңыз.

134. Көліктік пакеттер және жүк контейнерлері болғанда заттаңбадағы сындылық бойынша қауіпсіздік индексінде (СҚИ), 133 тармақтың қағидаларына

сәйкес талап етілетін, көліктік пакеттің немесе жүк контейнерінің барлық бөлінуші ішіндегі нәрсесі бойынша жинақталған ақпарат көрсетілуге тиіс.

## &&5. Ескерту белгілерін қою

135. Қаптамаларды, босатылған қаптамалардан басқаларды және резервуарларды тасымалдайтын үлкен жүк контейнерлерінің 6-сур. үлгіге сәйкес келуші төрт белгісі болуға тиіс. Белгілер үлкен жүк контейнерінің немесе резервуардың әрбір жағына және алдыңғы мен артқы қабырғасына тікесінен бекітілуі тиіс. Ішіндегі нәрсемен байланысы жоқ кезкелген белгілер алынып тасталуға тиіс. Заттаңбалар мен белгілерді қатарлас пайдаланудың орнына балама ретінде мейлінше аз өлшемдері 6-суретте көрсетілген, сәйкесті, 2, 3, 4 және 5-суреттерде көрсетіп берілген үлгілерге сәйкес келуші тек үлкейтілген заттаңбаларды ғана қолдануға рұқсат етіледі.

136. Егер жүк контейнерінде немесе резервуарда жүк қапталмаған материал ТМА-I немесе БРЛН-I болып келетін жағдайда, немесе егер жүк контейнерімен ерекше пайдалану жағдайында тасылатын жүк Біріккен Ұлттар Ұйымының бір нөмірі бар қапталған радиактивті материал болып саналса, онда Біріккен Ұлттар Ұйымының осы жүкке сәйкес келетін нөмірін (8 кестені қараңыз) сондай-ақ биіктігі 65 мм кем емес қара цифрлармен:

1) не алдында "БҰҰ (UN) әріптері бар ақ түсті аяға 6-суретте көрсетілген белгінің төменгі жартысына,

2) не 7-суретте көрсетілген белгіге жазып қою қажет.

Қосымша белгі 2) нұсқаны пайдаланған жағдайда жүк контейнерінің немесе резервуардың барлық төрт жағына негізгі белгімен қатар бекітіледі.

**7 сурет** * . Біріккен Ұлттар Ұйымының нөмірін жеке кескіндеуге арналған ескерту белгісі. Белгі аясының түсі - қызғылт сары, рамка мен Біріккен Ұлттар Ұйымының нөмірі - қара.

" ******** " белгі радиактивті материалға 8 кесте бойынша сәйкес келуші Біріккен Ұлттар Ұйымының нөмірі қойылуға тиісті орынды білдіреді.

* Суретті қағаз мәтіннен қараңыз .

## &13. ЖҮК ЖӨНЕЛТУШІНІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

137. Таңбалау, заттаңбалар мен белгілер жайында, 109-4) және 123-136 тармақтарда баяндалған талаптардың орындалуына жауапкершілік жүк жөнелтушіге жүктелуі тиіс.

## &&1. Жүк жайында мәліметтер

138. Жүк жөнелтуші, әрбір жүкке қоса берілетін көлік құжаттарына, келесі сәйкесті ақпаратты төменде келтірілген тізбекпен кіргізуге тиіс:

1) 8 кестеде көрсетілгендей қажетті көлік атауы;

2) Біріккен Ұлттар Ұйымының класс нөмірі "7";

3) 8 кестеде көрсетілгендей алынған материалға берілген Біріккен Ұлттар Ұйымының нөмірі, бұның алдында "БҰҰ" (UN) әріптері тұрады;

4) әрбір радинуклидтің атауы не рәмізі, немесе радинуклидтер қоспасы болғанда сәйкесті жалпы сипаттамасы не радинуклидтер тізбесі, бұларға қатысты ең үлкен шектеулер жасалады;

5) материалдың физикалық және химиялық нысанын суреттеп жазу немесе берілген материалдың ерекше түрдегі радиактивті материал не шашырауға төмен қабілеттілігі бар радиактивті материал болып саналатыны жайлы жазба. Химиялық пішін үшін жалпы химиялық суреттеу мүмкін болады;

6) радиактивті ішіндегі нәрсенің тасымалдау кезіндегі, беккерельмен (Бк) берілген сәйкесті СИ жалғауы бар, мейлінше көп активтігі (ПНПА қосымшаны қараңыз). Бөлінуші материал үшін активтіктің орнына граммен (г) немесе сәйкесті оған еселі бірліктермен берілген бөлінуші материалдың массасын көрсетуге болады;

7) қаптаманың санаты, яғни "I-АҚ" (I-WHITE), "II-САРЫ" (II-YELLOW), "III-САРЫ" (III-YELLOW);

8) көліктік индекс (тек "II-САРЫ" және "III-САРЫ" санаттары үшін);

9) 243 тармақ бойынша босатылуға жататын жүктерден басқа, бөлінуші материалдан тұратын жүктер үшін - сындылық бойынша қауіпсіздік индексі;

10) берілген жүкке қолданылатын құзыретті органның бекітуі туралы (ерекше түрдегі радиактивті материал, шашырауға төмен қабілеттілігі бар радиактивті материал, айрықша жағдайлар, қаптаманың құралымы немесе тасымалдау) әрбір сертификат үшін тану белгісіз;

11) қаптамаларды көліктік пакетте немесе жүк контейнерінде ұстаушы жүктер үшін - көліктік пакеттегі немесе жүк контейнеріндегі әрбір қаптаманың ішіндегісін және, қажет болған кезде, жүк құрамындағы әрбір көліктік пакеттің немесе жүк контейнерінің ішіндегісін толық көрсету. Егер аралық түсіру пунктінде қаптамаларды көліктік пакеттен немесе жүк контейнерінен шығару алда тұрса, онда сәйкесті көлік құжаттары дайындалуға тиіс;

12) егер жүкті ерекше пайдалану жағдайында тасымалдау керек болса, онда мынау жазылады: "ЕРЕКШЕ ПАЙДАЛАНУ ЖАҒДАЙЫНДА ТАСЫМАЛДАУ" (EXCLUSIVE USE SHIPMENT); және

13) ТМА-II, ТМА-III, БРЛН-I мен БРЛН-II үшін - жүктің толық активтигі А2-ге еселі мәні түрінде.

## &&2. Жүк жөнелтушінің декларациясы

139. Жүк жөнелтуші көлік құжаттарына келесі немесе оған баламалы мазмұндағы декларацияны кіргізуі тиіс:

"Осы өтінішпен берілген жүктің ішіндегісі жоғарыда келтірілген қажетті көлік атауында толығымен және дәл қамтылып көрсетілгенін, оның топтастырылғанын, қаптамаға салынғанын, таңбаланғанын және заттаңбалармен жабдықталғанын және де күші бар халықаралық және ұлттық мемлекеттік ережелер бойынша тасымалдау үшін (сәйкес келуші көліктің түрі(лері) көрсетіледі) барлық жағынан қажетті күйге келтірілгенін мәлімдеймін".

140. Егер осындай декларацияның мазмұны сол не басқа халықаралық конвенциямен анықталатын тасымал шарттарына кіріп те тұрса, онда жүк жөнелтуші тасымалдаудың осы конвенция таралатын бөлігіне қатысты мұндай декларацияны тапсыруға міндетті емес.

141. Декларацияға жүк жөнелтуші күнін көрсетіп қолын қоюға тиіс. Қойылған қол көшірмесінің заңды күші сәйкесті заңдармен және ережелермен танылған жағдайларда ғана қойылған қол көшірмеге рұқсат етіледі.

142. Декларация, 138 тармақта саналып берілген жүк туралы мәліметтерден тұратын сол көлік құжатында болуға тиіс.

## &&3. Заттаңбаларды кетіру немесе жабу

143. Бос қаптамалық жинақты босатылған қаптама ретінде тасымалдау кезінде 109 тармақтың қағидалары бойынша бұрынғы қойылған заттаңбалар көрінбеуі тиіс.

## &&4. Тасымалдаушылар үшін ақпарат

144. Жүк жөнелтуші көлік құжаттарына, тасымалдаушының кірісуге міндетті әрекеттері жайында, егер олар қажет болса, нұсқау енгізуге тиіс. Мұндай нұсқау тасымалдаушы немесе сәйкесті органдар қажет деп санайтын тілдерде болуға тиіс және ең кем дегенде келесі элементтерді қамтуға тиіс:

1) қауіпсіз жылу әкету үшін тәртіппен орналастыруға қатысты кезкелген арнаулы тапсырмаларды қоса (154 тармақты қара), қаптаманы, көліктік пакетті немесе жүк контейнерін тиеу, орналастыру, тасымалдау, өңдеу және түсіру жайында қосымша талаптар, немесе мұндай талаптар қаралмайтыны туралы хабарлама;

2) көліктің немесе тасымал құралының түріне қатысты шектеулер және маршрут жөнінде кезкелген қажетті нұсқаулар;

3) берілген жүк үшін апат болған жағдайда жасалатын іс-шаралар.

145. Құзыретті орган беретін күші бар сертификаттардың жүкпен бірге жүруі міндетті емес. Жүк жөнелтуші бұларды тиеу мен түсіруге дейін тасымалдаушының(лардың) карауына беріп қоюға тиіс.

## &&5. Құзыретті органдарды хабардар ету

146. Құзыретті органның бекітуін қажет етуші кезкелген қаптаманың бірінші тасымалына дейін жүк жөнелтуші, қаптаманың құралымына құзыретті орган беретін, күшіндегі әрбір сертификаттың көшірмелерін, аумағы арқылы немесе аумағына жүк тасымалданатын әрбір елдің құзыретті органына әкеліп тапсыруды қамтамасыз етуге тиіс. Жүк жөнелтуші сертификат алғаны туралы құзыретті органнан растауды күтуге міндетті емес, ал құзыретті орган мұндай растауды беруге міндетті емес.

147. Төменде, 1), 2), 3) немесе 4) тармақшаларда, көрсетілгендердің ішіндегі, әрбір тасымал туралы жүк жөнелтуші аумағы арқылы немесе аумағына жүк тасымалданатын әрбір елдің құзыретті органын хабардар етеді. Мұндай хабарламаны әрбір құзыретті орган тасымал басталғанға дейін, және де, тілекке орай, оның басталуына дейін 7-ден кем емес тәулік ішінде алуға тиіс.

1) Жағдайға байланысты 3000 A1, немесе 3000 A2-ден асып түсуші, немесе 1000 ТБк - мәндерінің қайсысы кем екеніне байланысты, активтігі бар радиактивті материалдан тұратын С типті қаптамалар.

2) Жағдайға байланысты 3000 A1 немесе 3000 A2-ден асып түсуші, немесе 1000 ТБк-мәндерінің қайсысы кем емес қайсысы кем екеніне байланысты, автивтігі бар радиактивті материалдан тұратын B(U) типті қаптамалар.

3) B(M) типті қаптамалар.

4) Арнайы жағдайларда тасымалдау.

148. Жүк туралы хабарламада мыналар бар болуы тиіс:

1) барлық сәйкес келуші сертификаттар нөмірін және тану белгілерін қоса, берілген қаптаманы немесе қаптамаларды, сәйкестендіру үшін жеткілікті ақпарат ;

2) тасымалдау мерзімі, күтілетін келіп жету күні және ұйғарылған маршрут туралы ақпарат;

3) радиактивті материалдардың немесе нуклидтердің атауы;

4) радиактивті материалдың физикалық және химиялық нысанының суреттемесі немесе оның ерекше түрдегі радиактивті материал немесе шашырауға төмен қабілеттілігі бар радиактивті материал болып саналатыны туралы жазба; және

5) беккерельмен (Бк) берілген сәйкесті СИ жалғауы бар тасымал кезіндегі радиактивті ішіндегі нәрсенің мейлінше көп активтігі

туралы мәліметтер (ТНКА-ға қосымшаны қараңыз). Бөлінуші материал үшін активтіктің орнына бөлінуші материалдың граммен (г) немесе оған еселі бірліктермен берілген массасын көрсетуге болады.

149. Жүк жөнелтуші бөлек хабарлама жіберуге міндетті емес, егер қажет етілген ақпарат тасымалды бекітуге арналған өтінімге кіргізілген болса; (312 тармақты қараңыз)

## &&6. Сертификаттар мен нұсқаулардың бар болуы

150. Жүк жөнелтуші, сертификаттар шарттары бойынша тасымалға кірісуден бұрын, осы Ережелердің 8 бөліміне сәйкес қажет болатын әрбір сертификаттың көшірмесін, сондай-ақ қаптаманы тиісті түрде жабу жайында нұсқаулардың және тасымалға дайындық жөнінде басқа іс-шаралардың көшірмесін алуға тиіс.

## &&14. ТАСЫМАЛДАУ ЖӘНЕ ТРАНЗИТТІК САҚТАУ &&1. Тасымалдау және транзиттік сақтау кезінде бөлу

151. Радиактивті материал құрамына кіретін қаптамалар, көліктік пакеттер және жүк контейнерлері тасымалдау және транзиттік сақтау кезінде мыналардан бөлек қойылуы тиіс:

1) адамдар алып отырған орындардан, және 64 пен 65 тармақтарға сәйкес радиактивті сәулелленуді бақылау мақсатында айқындалмаған фототаспалардан, және

2) 95 тармаққа сәйкес басқа қауіпті жүктерден.

152. Санаты ІІ-САРЫ немесе ІІІ-САРЫ қаптамалар немесе көліктік пакеттер, сондай қаптамаларға немесе көліктік пакеттерге еріп жүруге мүлде ерекше уәкілетті тұлғаларға арналған бөліктерді қоспағанда, жолаушылар отыратын бөліктерде тасымалданбауға тиіс.

## &&2. Тасымалдау және транзиттік сақтау кезінде тәртіппен салу

153. Жүк сенімді тәртіппен салынуға тиіс.

154. Орташа жылу ағыны беттік жанында 15 Вт/м $^2$ аспайтын, ал оларды тікелей қоршайтын жүк қаптар мен пакеттерге салынбаған жағдайда, қаптама немесе көліктік пакет қапталған бас жүктің арасында қандай да болса орналастыру жөнінде ерекше ережелерді сақтамай-ақ тасымалдана алады, бекіту туралы сәйкесті сертификатта құзыретті орган ерекше талапты ескеруі мүмкін жағдайды қоспағанда.

155. Жүк контейнерлерін орналастыру және қаптамаларды, көліктік пакеттер мен жүк контейнерлерін жинақтау былайша бақылануға тиіс:

1) Ерекше пайдалану жағдайларын қоспағанда, бір тасымал құралының бортында қаптамалардың, көліктік пакеттердің және жүк контейнерлерінің жалпы саны, тасымал құралының бортында көліктік индекстердің жалпы саны 9 кестеде көрсетілген мәндерінен аспайтындай етіп, шектелуге тиіс. ТМА-І материалының жүктеріне қатысты көліктік индекстер қосындысы бойынша қандай да болса шектеулер қойылмайды.

2) Егер жүктің ерекше пайдалану жағдайларында тасымалдануын алатын болсақ, бір тасымал құралының бортында көліктік индекстер қосындысы бойынша қандай да болса шектеулер қойылмайды.

3) Тасымалдың әдеттегі жағдайларында сәуле шығару деңгейі тасымал құралының сыртқы бетінің кезкелген нүктесінде 2 мЗв/сағ. және одан 2 м қашықтықта 0,1 мЗв/сағ. аспауы тиіс.

4) Жүк контейнерінде және тасымал құралының бортында сындылық бойынша қауіпсіздік индекстерінің жалпы қосындысы 10 Кестеде көрсетілген мәндерден аспауы тиіс.

156. Көліктік индексі 10-нан асып кететін кезкелген қаптама немесе кезкелген көліктік пакет, немесе сындылық бойынша қауіпсіздік индексі 50-ден асып кететін кезкелген жүк тек ерекше пайдалану жағдайларында ғана тасымалдануға тиіс.

## 9 КЕСТЕ. ЕРЕКШЕ ПАЙДАЛАНУДА ТҰРМАУШЫ ЖҮК КОНТЕЙНЕРЛЕРІ ЖӘНЕ ТАСЫМАЛ ҚҰРАЛДАРЫ ҮШІН КИ ШЕКТЕРІ

| Жүк контейнерінің немесе тасымал құралының типі | Жүк контейнері үшін немесе тасымал құралының бортында көліктік индекстердің шекті жалпы қосындысы |
|---|---|
| Жүк контейнері - кішісі | 50 |
| Жүк контейнері - үлкені | 50 |
| Көліктік құрал | 50 |
| Әуе кемесі | |
| Жолаушы таситын | 50 |
| Жүк таситын | 200 |
| Ішкі су жолдарына арналған кеме | 50 |

| | |
|---|---|
| Теңіз кемесі (1) | |
| 1) трюм, бөлік немесе палубаның белгіленген бөлігі: қаптамалар, көліктік пакеттер, кіші жүк контейнерлері | 50 |
| үлкен жүк контейнері | 200 |
| 2) Кеме тұтасымен: қаптамалар, көліктік пакеттер, кіші жүк контейнерлері, | 200 |
| үлкен жүк контейнерлері | Шектелмеген |

(1) Көліктік құралдың бортында тасымалданатын, 572 тармақтың ережелеріне сәйкес келетін қаптамалар немесе көліктік пакеттер, егер олар берілген кеменің бортында болған барлық уақыт бойына көліктік құралдан түсірілмеген жағдайда, кеме бортында тасымалдана алады.

## &&3. Тасымалдау және транзиттік сақтау кезінде бөлінуші материалдан тұратын қаптамаларды айырып бөлу

157. Кезкелген дербес сақтау орнында транзиттік сақтауда тұратын, құрамына бөлінуші материал кіретін қаптамалардың, көліктік пакеттердің және жүк контейнерлерінің саны, осындай қаптамалардың, көліктік пакеттердің немесе жүк контейнерлерінің кезкелген тобында сындылық бойынша қауіпсіздік индекстерінің жалпы қосындысы 50-ден асып кетпейтіндей етіп, шектелуге тиіс. Мұндай қаптамалардың, көліктік пакеттердің немесе жүк контейнерлерінің топтары, осындай қаптамалардың, көліктік пакеттердің немесе жүк контейнерлерінің басқа топтарынан кем дегенде 6 м қашықтыққа алыстатылу қамтамасыз етіліп, сақталуға тиіс.

## 10 КЕСТЕ. БӨЛІНУШІ МАТЕРИАЛДАН ТҰРАТЫН ЖҮК КОНТЕЙНЕРЛЕРІ ЖӘНЕ ТАСЫМАЛ ҚҰРАЛДАРЫ ҮШІН СҚИ ШЕКТЕРІ

| Жүк контейнерінің немесе Тасымал құралының типі | Жүк контейнері үшін немесе тасымал құралының бортында сындылық бойынша қауіпсіздік индекстерінің шекті жалпы қосындысы | |
|---|---|---|
| | Ерекше пайдалану | Ерекше пайдалану |

| | жағдайларынан тыс | жағдайларында |
|---|---|---|
| Жүк контейнері - кішісі | 50 | Қолданылмайды |
| Жүк контейнері - үлкені | 50 | 100 |
| Көліктік құрал | 50 | 100 |
| Әуе кемесі | | |
| Жолаушы таситын | 50 | Қолданылмайды |
| Жүк таситын | 50 | 100 |
| Ішкі су жолдарына арналған кеме | 50 | 100 |
| Теңіз кемесі (1) | | |
| 1) Трюм, бөлік немесе палубаның белгіленген бөлігі: Қаптамалар, көліктік пакеттер, | | |
| кіші жүк контейнерлері | 50 | 100 |
| үлкен жүк контейнерлері | 50 | 100 |
| 2) Кеме тұтасымен: қаптамалар, көліктік пакеттер, | | |
| кіші жүк контейнерлері, | 200 (2) | 200 (3) |
| үлкен жүк контейнерлері | Шектелмеген (2) | Шектелмеген (3) |

(1) Көліктік құралдың бортына алынып тасымалданатын, 161 тармақтың ережелеріне сәйкес келетін қаптамалар немесе көліктік пакеттер, егер олар берілген кеменің бортында болған барлық уақыт бойына көліктік құралдан түсірілмеген жағдайда, кеме бортында тасымалдана алады. Бұл жағдайда " ерекше пайдалану жағдайларында" бағанасында көрсетілген мәндер қолданылады.

(2) Кезкелген топта СҚИ-дің жалпы саны 50-ден аспайтындай етіп және әрбір топты тиеу/түсіру мен тәртіптеп орналастыру топтарды 6 м кем емес қашықтыққа айырып алыстату арқылы жүргізіліп, жүк өңделуден өтуге және тәртіптеп салынуға тиіс.

(3) Кезкелген топта СҚИ-дің жалпы саны 100-ден аспайтындай етіп және әрбір топты тиеу/түсіру мен тәртіптеп орналастыру топтарды 6 м кем емес қашықтыққа айырып алыстату арқылы жүргізіліп, жүк өңделуден өтуге және тәртіптеп салынуға тиіс. Топтар арасындағы кеңістікті 94 тармаққа сәйкес басқа жүкпен толтыруға болады.

158. Егер тасымал құралының бортында немесе жүк контейнерінің жанында сындылық бойынша қауіпсіздік индекстерінің жалпы қосындысы 50-ден асып кетсе, 10 Кесте бойынша осылай болуы да мүмкін, онда бөлінуші материалдан

тұратын қаптамалардың, көліктік пакеттердің немесе жүк контейнерлерінің басқа топтарынан, немесе онымен радиактивті материалдарды тасымалдау жүргізілетін басқа тасымал құралдарынан кем дегенде 6 м алыстату қамтамасыз етіліп, сақтау ұйымдастырылуы тиіс.

## &&4. Темір жолмен және автомобиль жолдарымен тасымалдауға байланысты қосымша талаптар

159. 2, 3, 4 не 5-суретте келтірілген заттаңбалардың кезкелгенімен жабдықталған қаптамалар, көліктік пакеттер немесе жүк контейнерлері тасымалданатын, немесе жүктер ерекше пайдалану жағдайларында тасымалданатын темір жол және автомобиль көлік құралдарында, 6-сур. келтірілген, ескерту белгісі болуға тиіс, бұлардың әрқайсысында:

1) темір жол көлік құралын алғанда екі сыртқы бүйір жақ қабырғаның әрқайсысында;

2) автомобиль көлік құралын алғанда екі сыртқы бүйір жақ қабырғаның әрқайсысында және сыртқы арт жақтағы қабырғада.

Егер көліктік құралдың бүйір жақ қабырғалары болмаса, белгілерді, егер олар оңай айырып танылатын жағдайда, тікелей жүк көтеруші модульге қоюға болады ; резервуарларға немесе мөлшері үлкен жүк контейнерлеріне қолданғанда белгілердің осы заттардың өзінде болғаны жеткілікті. Егер көліктік құралдың конфигурациясы өлшемі тым ірі белгілерді қоюға мүмкіндік бермейтін жағдай болса, 6-суретте келтірілген белгінің өлшемдерін 100 мм дейін кішірейтуге болады.

Ішіндегі нәрсемен байланысы жоқ кезкелген белгілер алынып тасталуға тиіс.

160. Егер көлік құралының бортындағы жүк қапталмаған ТМА-I немесе БРЛН-I материалы болып саналатын жағдайда, немесе егер ерекше пайдалану жағдайларында тасымалданатын жүк бір БҰҰ нөмірі бар қаптамаға салынған радиактивті материал болып саналса, онда сәйкесті БҰҰ нөмірі (8 кестені қараңыз) биіктігі 65 мм кем емес қара цифрлар түрінде жазылып қойылады: сондай-ақ

1) не 6-суретте келтірілген белгінің төменгі жартысына түсі ақ аяда алдында тұрушы "БҰҰ"(UN) әріптерімен;

2) не 7-суретте келтірілген белгі үстіне.

Жоғарыдағы 2) тармақшада көрсетілген нұсқаны пайдаланған кезде қосымша белгі темір жол көлік құралының екі бүйір жақ қабырғасына немесе автомобиль көлік құралының екі бүйір жақ және арт жақтағы қабырғасына негізгі белгімен қатар бекітіледі.

161. Ерекше пайдалану жағдайларында тасымалданатын жүктер үшін сәуле шығару деңгейі келесі мәндерден асып кетпеуі тиіс:

1) кезкелген қаптаманың немесе көліктік пакеттің сыртқы бетінің кезкелген нүктесінде 10 мЗв/сағ. және 2 мЗв/сағ-ті мынадай жағдай болса асып түсе алады, егер:

1-1) көлік құралы қоршаумен жабдықталса, бұл тасымалдың әдеттегі жағдайында бөтен адамдарды қоршалған аймақтың ішіне кіруден қақпайлайды, және

1-2) бұлардың көлік құралының ішіндегі қалпы тасымалдың әдеттегі жағдайында өзгермей қалатындай етіп, қаптаманы немесе көліктік пакетті бекітіп қою жөніндегі шаралар алдын ала ескерілсе, және

1-3) тасымал кезінде ешқандай тиеу не түсіру операциялары жүргізілмесе;

2) көлік құралының сыртқы бетінің, жоғарғы мен төменгі бетті қоса, кезкелген нүктесінде, немесе, ашық көлік құралын алғанда, - көлік құралының сыртқы шекарасы арқылы өтуші тік жазықтықтардың кезкелген нүктесінде, жүктің жоғарғы бетінде және көлік құралының төменгі сыртқы бетінде 2мЗв/сағ.; және

3) көлік құралының сыртқы бүйір жақ беттерімен жасалған тік жазықтықтардан 2 м қашықтықтағы кезкелген нүктеде, немесе, егер жүк ашық көлік құралымен тасымалданатын болса, - көлік құралының сыртқы шекарасы арқылы өтуші тік жазықтықтардан 2 м қашықтағы кезкелген нүктеде 0,1 мЗв/сағ.

162. Автомобиль көлік құралдарын алғанда, санаты ІІ-САРЫ немесе ІІІ-САРЫ заттаңбалармен жабдықталған қаптамаларды, көліктік пакеттерді немесе жүк контейнерлерін тасымалдаушы көлік құралдарының бортында, жүргізуші мен оның жәрдемшілерінен басқа, ешкімнің жүріп тұруға рұқсаты болмауға тиіс.

## &&5. Кемелердің бортындағы тасымалмен байланысқан қосымша талаптар

163. Беттіктегі сәуле шығару деңгейі 2 мЗв/сағ.-тен жоғары болатын қаптамалар немесе көліктік пакеттер, егер олар көлік құралымен 9 Кестеге "(1)" сілтемеде көрсетілген талаптарға сәйкес ерекше пайдалану жағдайында тасымалданбаса, кеме бортында арнайы жағдайлардан басқаша тасымалдануға тиіс емес.

164. Радиактивті материалдарды тасымалдау үшін өзінің құралымына немесе фрахт шарттарына қарай әдейі арналған, ерекше мақсаты бар кеменің бортында жүктерді тасымалдау 155 тармақтың талаптарының келесі шарттары орындалғанда босатылады:

1) тасымалдауға арналған радиациялық қорғау бағдарламасын кеме тіркелген елдің құзыретті органы және, қажет болған жағдайда, кіру кемежайларының әрқайсысының құзыретті органы бекітуге тиіс;

2) бүкіл сапар үшін тәртіппен орналастыру, шарттары оның ішінде маршруттағы кіру кемежайларында тиелетін кезкелген жүктер жайында, күні бұрын анықталуға тиіс; және

3) жүктерді тиеу, тасымалдау және түсіру радиактивті материалдарды тасымалдау саласындағы білікті мамандардың басшылық етуімен жүзеге асырылуға тиіс.

## &&6. Әуе тасымалымен байланысты қосымша талаптар

165. В(М) типті қаптамалар және жүктер ерекше пайдалану жағдайларында жолаушы таситын әуе кемелерінің бортында тасымалданбауға тиіс.

166. Желдету жүріп тұратын немесе артық қысымды түсіретін В(М) типті қаптамалар, қосымша салқындату жүйесінің жәрдемімен сыртқы суытуды қажет етуші қаптамалар, тасымал уақытында пайдалану үстіндегі бақылауды қажет етуші қаптамалар, және сұйық өзітұтанғыш материалдан тұратын қаптамалар әуе көлігімен тасымалданбауға тиіс.

167. Беттегі сәуле шығару деңгейі 2 мЗв/сағ.-тен жоғары болушы қаптамалар немесе көліктік пакеттер, арнайы жағдайлардағы тасымалдау оқиғасын қоспағанда, әуе көлігімен тасымалданбауға тиіс.

## &&7. Пошта арқылы жіберумен байланысты қосымша талаптар

168. 104 тармақтың талаптарын қанағаттандырушы, радиактивті ішінде нәрсенің активтігі 3 кестеде көрсетілген шектердің оннан бір үлесінен аспайтын жүкті ұлттық пошта органдары ішкі жіберіске, осы органдар белгілей алатын қосымша талаптар сақталатын жағдайда, қабылдай алады.

169. 104 тармақтың талаптарын қанағаттандырушы, радиактивті ішіндегі нәрсенің активтігі 3 кестеде көрсетілген шектердің оннан бір үлесінен аспайтын жүк халықаралық пошта арқылы жіберуге, жеке алғанда, Дүниежүзілік пошта одағының Актілерімен алдын ала белгіленген келесі қосымша талаптарды сақтай отырып, қабылдана алады:

1) пошта қызметіне жөнелтілім тек уәкілетті ұлттық органдармен, жүк жөнелтушілермен ғана берілуге тиіс;

2) жөнелтілім ең жедел маршрутпен, әдетте әуе көлігімен, жіберілуге тиіс;

3) жөнелтілім сыртында айқын және берік бекітілген "РАДИАКТИВТІ

МАТЕРИАЛ - ПОШТА АРҚЫЛЫ ЖІБЕРУГЕ РҰҚСАТ ЕТІЛГЕН МӨЛШЕР" ( RADIACTIVE MATERIAL - QUANTITES PERMITTED FOR MOVEMENT BY POST) сөздері бар заттаңба болуға тиіс; бұл сөздер бос қаптамалық жинақты қайтарған кезде сызылып тасталуға тиіс;

4) жөнелтілім сыртында жүк жөнелтушінің атауы мен адресі көрсетілуге тиіс, жүкті қайтару туралы белгі салынып, егер ол алушыға жеткізілмейтін болса; және

5) ішкі қаптамалық жинақта жүк жөнелтушінің атауы мен адресі және жүктің ішіндегісі көрсетілуге тиіс.

## &15. КЕДЕНДІК ОПЕРАЦИЯЛАР

170. Кедендік операциялар, қаптаманың радиактивті ішіндегісін бақылауды қоса, тек радиактивтік сәулеленуді бақылаудың қажетті құралдарымен жабдықталған орындарда ғана, және білікті персоналдың қатысуымен жүргізілуге тиіс.

Кеденнің талап етуі бойынша ашылған кезкелген қаптама, оны әрі қарай жүк алушыға жөнелтудің алдында бастапқы күйіне келтірілуге тиіс.

## &16. ЖЕТКІЗІЛМЕГЕН ЖҮКТЕР

171. Егер алушыға жүкті жеткізуге болмайтын жағдайда, ол қауіпсіз орынға таратып қойылуға тиіс, және бұл жөнінде сәйкесті құзыретті органға жедел түрде ақпарат берілуі тиіс, одан бұдан былайғы әрекет жайында нұсқаулар сұралады.

## 6 Тарау РАДИАКТИВТІ МАТЕРИАЛДАРҒА, ҚАПТАМАЛЫҚ ЖИНАҚТАР
## МЕН ҚАПТАМАЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР &1. РАДИАКТИВТІ МАТЕРИАЛДАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР &&1. ТМА-ІІІ материалына қойылатын талаптар

172. ТМА-ІІІ материал қатты болуға және қаптаманың барлық ішкі ішіндегі нәрсеге қатысты 256 тармақта көрсетілген сынақтарды жүргізгенде судың активтігі 0,1 А2-ден аспайтындай қасиеттерді иеленуге тиіс.

## &&2. Ерекше түрдегі радиактивті материалдарға қойылатын талаптар

173. Ерекше түрдегі радиактивті материалдың ең аз дегенде 5 мм кем емес бір өлшемі болуға тиіс.

174. Ерекше түрдегі радиактивті материал мынадай қасиеттерге ие болуға тиіс немесе 257-264 тармақтарда көрсетілген сынақтарды жүргізгенде келесі талаптардың орындалуы үшін мынадай болуы тиіс:

1) сәйкесті 258, 259, 260 және 262-1) тармақтарда көрсетілген соқтығысуға, соққы мен иілуге сынақтар жүргізгенде ол сынбауға немесе бүлінбеуге тиіс;

2) сәйкесті 261 немесе 262-2) тармақта көрсетілген жылулық сынақтар кезінде оның балқымауы немесе шашырамауы тиіс; және

3) 263 және 264 тармақтар бойынша шаймалауға сынақтар жүргізгенде судың активтігі 2 кБк-ден аспауға тиіс.

175. Егер бітеулі капсула ерекше түрдегі радиактивті материалдың құрама бөлігі болып табылса, онда бұл капсула, оны ашу тек қирату арқылы мүмкін болатындай етіп жасалуы тиіс.

### &&3. Шашырауға төмен қабілеттілігі бар радиактивті материалдарға қойылатын талаптар

176. Шашырауға қабілеттілігі төмен радиактивті материал оның қаптамадағы жалпы мөлшері келесі талаптарды қанағаттандыратындай радиактивті материал болып көрінуі тиіс:

1) қорғалмаған радиактивті материалдан 3 м қашықтықта сәуле шығару деңгейі 10 мЗв/сағ.-тен аспайды;

2) 289 және 290 тармақтарда көрсетілген сынақтарды өткізгенде аэродинамикалық баламалы диаметрі 100 мкм (микрон) дейінгі газтәрізді және аэротозаң түріндегі бөлшектерді атмосфераға шығарып жіберу 100 А2-ден аспайды. Сынақтың әрқайсысына жеке үлгіні пайдалануға болады; және

3) 256 тармақта көрсетілген сынақты өткізуде судың активтігі 100 А2-ден аспайды. Бұл сынақты өткізгенде, жоғарыда, 2) тармақшада көрсетілген, сынақтардың қиратушы әсері ескеріліп отыруға тиіс.

## &2. БАРЛЫҚ ҚАПТАМАЛЫҚ ЖИНАҚТАР МЕН ҚАПТАМАЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

177. Қаптама оның массасын, көлемі мен нысанын ескере отырып, қарапайымдылығы және оны тасымалдау қауіпсіздігі қамтамасыз етіліп құрастырылуға тиіс.

Сонымен қатар қаптаманың құрылмасы оны тасымал мерзімі бойына тасымал құралына немесе оның ішіне тиісті түрде бекітіп қоюға мүмкіндік беретіндей болуға тиіс.

178. Қаптаманың құрылмасы, қаптаманы көтеру үшін оған орналасқан кезкелген тетіктер, оларды дұрыс ұстанғанда, тоқтап қалмайтындай, ал олар сынған жағдайда - қаптаманың осы Ережелердің басқа талаптарын қанағаттандыру қабілеті нашарламайтындай болуға тиіс. Құрылмада қаптаманы жұлқынып көтеру жағдайына қарай сәйкесті коэффициент ескерілуі тиіс.

179. Қаптаманың сыртқы бетіндегі құрал-жабдықтар және кезкелген басқа құрылғылар, бұлар оны көтеру үшін пайдаланылуы мүмкін, 178 тармақтың талаптарына сәйкес оның массасына шыдайтындай немесе алып тастауға болатындай немесе өзге тәсілмен тасымал мерзімі бойына пайдалануға жарамсыз күйге келтіретіндей етіп құрастырылуға тиіс.

180. Қаншалықты іс жүзінде мүмкін болуына қарай, қаптамалық жинақ сыртқы беттерінде шығып тұрушы бөліктері болмайтындай және оңай қатерсіздендіре алатындай етіп құрастырылуға және өңделуге тиіс.

181. Қаншалықты іс жүзінде мүмкін болуына қарай, қаптаманың сыртқы жабындысы оның үстінде су жиналмайтындай және тұрып қалмайтындай етіп орындалуы тиіс.

182. Қаптамаға тасымалдау кезінде қосылатын, қаптаманың бөлігі болып табылмайтын кезкелген құрылғылар оның қауіпсіздігін кемітпеуі тиіс.

183. Әртүрлі сыйымсауыттың бекіткіш құрылғыларының тиімділігін немесе бүкіл қаптаманың тұтас бүтіндігін қандай да болсын нашарлатпай, тасымалдың әдеттегі жағдайында пайда болуы мүмкін кезкелген үдеудің, дірілдеудің немесе дірілдеу кезіндегі резонанстың әсеріне қарсы тұра алатын қабілеттілікті қаптама иеленуге тиіс. Жеке алғанда, сомындар, бұрандамалар және басқа бекітуші бөлшектер, бұлардың өздігінен босап қалу мүмкіндігі болмайтындай немесе тіпті көп қайтара қолданғаннан кейін де ағытылып кетпейтіндей етіп, құрастырылуға тиіс.

184. Қаптамалық жинақтың және кезкелген элементтердің немесе құралымның материалдары бір-бірімен және радиактивті ішіндегісімен физикалық және химиялық сыйысымдылықта болуы тиіс.

185. Барлық клапандар, бұлар арқылы радиактивті ішіндегі нәрсе сыртқа шығуы мүмкін, бекітілмеген әрекеттерден қорғалуға тиіс.

186. Қаптаманың құралымы, тасымалдың әдеттегі жағдайларында пайда болуы мүмкін, сыртқы ортадағы температура мен қысымды ескере отырып әзірленуге тиіс.

187. Басқа қауіпті қасиеттерді иеленген радиактивті материалдарға арналған қаптаманың құралымында бұл қасиеттер ескерілуге тиіс ( 9 және 96 тармақтарды қараңыз ).

## 3. ӘУЕ КӨЛІГІМЕН ТАСЫМАЛДАНАТЫН ҚАПТАМАЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ҚОСЫМША ТАЛАПТАР

188. Әуе көлігімен тасымалдауға арналған қаптамаларды алғанда, сыртқы ортаның температурасы, күн сәулесін есепке алмай, 38С болғанда қолжететін беттердің температурасы 50С аспауға тиіс.

189. Әуе көлігімен тасымалдауға арналған қаптамалар - 40С-тан +55С дейінгі температуралар ауқымында қорғауыш қабықшаның бүтіндігі бұзылмайтындай етіп құрастырылуға тиіс.

190. Радиактивті материалдардан тұратын, әуе көлігімен тасымалданатын қаптамалардың сыртқы қысымның ағымсыз 5кПа дейін төмендеуіне төзуге қабілетті қорғауыш қабықша жүйесі болуға тиіс.

## &4. БОСАТЫЛҒАН ҚАПТАМАЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

191. Босатылған қаптама 177-187 тармақтардың талаптары, ал әуемен тасымалданатын жағдайда - оның үстіне 188-190 тармақтардың талаптары орындалатындай етіп құрастырылуға тиіс.

## &5. ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАПТАМАЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР &

### &1. Өнеркәсіптік 1 типті (ӨҚ-1 типі) қаптамаға қойылатын талаптар

192. Өнеркәсіптік 1 типті (ӨҚ-1 типі) қаптама 177-187 және 205 тармақтардың талаптары, ал әуемен тасымалданатын жағдайда - оның үстіне 188 -190 тармақтардың талаптары орындалатындай етіп құрастырылуға тиіс.

### &&2. Өнеркәсіптік 2 типті (ӨҚ-2 тип) қаптамаға қойылатын талаптар

193. Өнеркәсіптік 2 типті (ӨҚ-2 типі) қаптама ретінде аттестатталатын қаптама, 192 тармақта көрсетілген ӨҚ-1 типке қойылатын талаптар орындалатындай, және, сонымен қатар, 275 пен 276 тармақтарда көрсетілген сынақтардан өте отырып ол мынаны:

1) радиактивті ішіндегі нәрсенің ағуын немесе шашырауын; және

2) қаптаманың кезкелген сыртқы бетінде сәуле шығару деңгейінің 20%-дан

артық ұлғаюына әкелуі мүмкін қорғаныс бүтіндігінің бұзылуын, болдырмайтындай етіп, құрастырылуға тиіс.

## &&3. Өнеркәсіптік 3 типті (ӨҚ-3 типі) қаптамаға қойылатын талаптар

194. Өнеркәсіптік 3 типті (ӨҚ-3 типі) қаптама ретінде аттестатталатын қаптама, 192 тармақта көрсетілген ӨҚ-1 типке қойылатын талаптар және, сонымен қатар, 205-218 тармақтардың талаптары орындалатындай етіп, құрастырылуға тиіс.

## &&4. Өнеркәсіптік 2 және 3 типті (ӨҚ-2 типі) және (ӨҚ-3 типі) қаптамаларға қойылатын балама талаптар

195. Қаптамалар өнеркәсіптік 2 типті (ӨҚ-2 типі) қаптама ретінде мына жағдайда пайдаланыла алады:

1) олар 192 тармақта көрсетілген ӨҚ-1 типке қойылатын талаптарды қанағаттандырады;

2) олар Біріккен Ұлттар Ұйымының қауіпті жүктерді тасымалдау жөніндегі Ұсыныстарымен алдын ала белгіленген нормаларға сәйкес, немесе ең аз дегенде көрсетілген нормаларға баламалы басқа талаптарды ескере отырып, құрастырылған; және

3) БҰҰ-ның I және II қаптама топтары үшін қажетті сынақтарды өткізгеннен кейін олар мынаны болдырмау қабілетін жоғалтпайды:

3-1) радиактивті ішіндегі нәрсенің ағымын немесе шашырауын; және

3-2) қаптаманың кезкелген сыртқы бетінде сәуле шығару деңгейінің 20%-дан артық ұлғаюына келтіруі мүмкін қорғаныс бүтіндігінің бұзылуын.

196. Сондай-ақ бак-контейнерлер 2 типті немесе 3 типті (ӨҚ-2 типі) немесе ( ӨҚ-3 типі) өнеркәсіптік қаптамалар ретінде пайдаланыла алады мына жағдайда:

1) олар 192 тармақта көрсетілген ӨҚ-1 типке қойылатын талаптарды қанағаттандырады;

2) олар Біріккен Ұлттар Ұйымының қауіпті жүктерді тасымалдау бойынша ұсыныстар нормаларына сәйкес немесе ең аз дегенде көрсетілген нормаларға баламалы басқа талаптарды есепке алумен құрылды, және 265 кПа сынау қысымын шыдауға жарамды; және

3) олар кезкелген алдын ала ескерілген қосымша қорғаныстың, тасымалдың әдеттегі жағдайларында жүкті өңдеу кезінде пайда болушы, статикталық және динамикалық жүктемелерге шыдай алатын қабілеті болатындай, және бактар-контейнерлердің кезкелген сыртқы бетінде сәуле шығару деңгейінің 20%-дан артық ұлғаюына әкелуі мүмкін, қорғаныс бүтіндігінің бұзылуын болдырмайтындай етіп құрастырылған.

197. ТМА-І және ТМА-ІІ сұйықтықтар мен газдар тасымалы үшін, ІV кестеде белгілегендей, олар ең аз дегенде 625 тармақта тағайындалғандарға балама нормаларды қанағаттандыратын жағдайда, сондай-ақ бактар-контейнерлер болып табылмайтын резервуарларды өнеркәсіптік 2 немесе 3 типті (ӨҚ-2 типі) немесе ( ӨҚ-3 типі) қаптамалар ретінде пайдалануға болады.

198. Сондай-ақ жүк контейнерлері өнеркәсіптік 2 немесе 3 типті (ӨҚ-2 типті) немесе (ӨҚ-3 типті) қаптамалар ретінде мына жағдайда пайдаланыла алады:

1) радиактивті ішіндегі нәрсе қатты заттармен шектеледі;

2) олар 192 тармақта көрсетілген ӨҚ-1 типке қойылатын талаптарды қанағаттандырады; және

3) олар Стандарттау жөніндегі халықаралық ұйыммен (ИСО) алдын ала белгіленген ұсыныстарға сәйкес құрастырылған, осыларға сәйкес олар осы құжатта белгіленген сынақтарға тартыла отырып, және тасымалдың әдеттегі жағдайында пайда болушы үдеудің әсеріне тартыла отырып, мынаны болдырмауға мүмкіндігі жететіндей етіп құрастырылуға тиіс:

3-1) радиактивті ішіндегі нәрсенің ағымын немесе шашырауын; және

3-2) жүк контейнерлерінің кезкелген сыртқы бетінде сәуле шығару деңгейінің 20%-дан артық ұлғаюына әкелуі мүмкін қорғаныс бүтіндігінің бұзылуын болдырмау.

199. Сондай-ақ жаппай жүктер үшін жүккөтергіштігі орташа металл контейнерлерді 2 немесе 3 типті (ӨҚ-2 типті) немесе (ӨҚ-3 типті) өнеркәсіптік қаптамалар ретінде мынадай жағдайда пайдалануға болады:

1) олар 192 тармақта көрсетілген ӨҚ-1 типке қойылатын талаптарды қанағаттандырады; және

